5 Өнер – өркениет өлшемі

6 Жүрекке жүк жиғандай қазынасы

Сыр бойы

23 наурыз, сенбі 2024 жыл

№ 45-46 (20719-20720)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

95 жыл

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

Наурыз

Құндылықтар тоғысқан көктем мерекесі

Алматы қаласына жұмыс сапарымен барған Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» алаңында өтіп жатқан мерекелік іс-шарада Қазақстан халқын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде төл жаңа жылымыз Наурыз мейрамын ата дәстүрімізге сәйкес барша жұртымыздың бір ел, бір халық болып қарсы алатыны жөнінде айтты.

– Бабаларымыз ежелгі заманнан бері Ұлыс күнін жыл басы ретінде атап өткен. Қазір Әз Наурыз күллі халыққа ортақ жалпыұлттық мерекеге айналды. Оны ұлтына, дініне қарамастан барша жұртымыз ерекше күтеді, бірге атап өтеді. Дана халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Жаңа жылды жақсы ниетпен, пайдалы іспен бастау – талайдан қалыптасқан дәстүр. Бұл күні қонақжай жұртымыз ақ дастарқан жайып, бір-біріне ақ-жарма тілектерін айтады. Бұлақтың көзін ашып, тал егеді, тазалыққа баса мән береді. Наурыз мерекесінде халқымыздың асыл қасиеттері мен құндылықтары түгел көрініс тапқан. Биыл Ұлыстың ұлы күні Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақ жеріндегі дін мен дәстүрдің үйлесімі дәл осы кезде айқын көрінеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биылдан бастап Наурыз мейрамы 10 күн бойы аталып өтіп жатқанына тоқталды. Наурызнамаға сәйкес, 21 наурыз елімізде «Ынтымақ» күні.

– Бірлік пен ынтымақ – еліміздің басты құндылықтарының бірі. Біз жанашырлық, тілеулестік сияқты асыл қасиеттерді дәріптеуіміз қажет. Еліміздің бірлігі мен татулығы әрдайым бекем болса, елдігіміздің тұғыры мәңгі болады. Мен бұған кәміл сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңару мен жаңғырудың символына айналған Наурыз мейрамы биыл қоғам дамуының жаңа кезеңіне қадам басқанымызды білдіретінін атап өтіп, барлық азаматтың жүрегінен орын алатын іргелі құндылықтардың айқындалғанына назар аударды.

– Еліміздің алдында биік мақсат тұр. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Біз адал еңбек етіп, адал табысқа жете алатын әділ қоғам орнатуымыз керек. Мұндай қоғамды адал азаматтар қалыптастырады. Бір сөзбен айтсақ, әділдік пен адалдық – әрдайым қатар жүретін егіз ұғым. Сондықтан біз құрып жатқан қоғамда баршаға бірдей мүмкіндік беріледі. Әділетті мемлекет – бұл заң мен тәртіп үстемдігі. Озық мемлекет болу үшін бәріміз тек жарқын болашаққа сеніммен қарауымыз керек. Біздің үмітіміз – жастар. Қазақстанның келешегі сіздердің қолдарыңызда. Белсенді, санасы сергек, ойы ұшқыр, адал, көзі ашық жастарға біз әрдайым қолдау көрсетеміз, – деді Президент.

2-бет

Наурыз

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың мерекелік құттықтауы

Ардақты ағайын!
Құрметті жерлестер!

Сіздерді тіршілік атаулыға үлкен серпін берген көктемнің мерекесі, жаңарудың, берекенің бастауы – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың күн мен түн теңеліп, тіршілік түлеген шақты Ұлыстың ұлы күні деп атауында терең мән бар.

Бұл мерекеде жаңғырған Ұлы дала ұлағаты мен ата-бабаларымыздың дәстүрлері бүгінде бірлік пен татулық тұғырын нығайтуға қызмет етуде.

Наурыз мейрамы – бұл дәстүрдің мерекесі, еңбектің мерекесі. Табиғат жаңаша түрленген сәтте адамдар да айналаға ізгі амалдарын жасап, егін егеді, бұлақтың көзін ашады, қайырымдылық танытады. Міне, осының барлығы да Наурызбен тікелей байланысты. Наурыз – жер-жаһанның жаңаруы, ой-сананың кемелдену кезеңіне саналатыны да осы себепті болса керек-ті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жыл басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «Әз Наурыз – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін» деген болатын. Осылайша биылғы Наурызды Амал мерекесінен бастап, Наурызнама онкүндігі аясында ерекше атап өтудеміз. Он күн бойы дәріптелетін адалдық, ізгілік пен қайырымдылық, мейірім мен жанашырлық сияқты құндылықтар Әділетті Қазақстан қағидаларымен толық үндеседі. Жас ұрпақ Наурызнама он күндігінде ұлықталатын осындай жақсы дағды мен асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өсері анық.

Наурыз мейрамы – халқымызға құт-берекесімен, ырыс-ынтымағымен келсін!

Ұлыстың ұлы күні игі тілектеріңіз қабыл болып, әр отбасына бақыт пен береке сыйласын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Әр шаңыраққа Қыдыр қонып, бақ дарысын!

22 НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

Бейнесі көркем, рухы биік Наурыз

Наурыз – қазақ халқымен қашаннан бірге жасасып келе жатқан жыл бастауы, күн мен түннің теңесуі, молшылық, ынтымақ мерекесі. 1920 жылы 20-наурызда Түркістан республикасы Кеңестері атқару комитетінің төрағасы Т.Рұсқұловтың Наурыз мерекесін тойлау жайлы бұйрығы жарық көрген болатын. Ал 1926 жылы Кеңес өкіметі бүкіл жұрттың рухын біріктіретін бұл мерекеге тыйым салды. Араға 62 жыл салып, 1988 жылы саяси жүйенің осал тұсын ұлт игілігіне пайдалана білген қазақ зиялылары Наурызды қайта тойлауға рұқсат алды. Ал 1991 жылы 15-наурызда ҚР Президентінің 22-наурыз күнін Наурыз мейрамы деп жариялау туралы Жарлығы шықты.

3-бет

НАЗАР

Қала статусы: **көркейер мекен көбейе ме?**

Ұлттық экономика министрлігі еліміздегі қалаға айналуы мүмкін ауылдардың тізімін жария етті. 18 ауылдың тізімінде Қызылорданың Жаңақорған, Шиелі және Әйтеке би кенті бар. Әрине, бұл аталғандар тап қазірден бастап қала статусын алғалы тұрған жоқ, әйтсе де қол жеткізуге жақын екенін байқатады. Егер осы болжам іске асқан жағдайда тұрғындар үшін қандай жақсылығы болмақ?

2-бет

Валюта бағамы $ 451,27 kzt € 489,13 kzt ₽ 4,87 kzt

Ауа райы +14⁰ +6⁰ +15⁰ +7⁰

Құндылықтар тоғысқан көктем мерекесі

Мемлекет басшысы құттықтау сөзінде егемендігіміздің алтын бесігі болған Алматыны еліміздің рухани, ғылыми және экономикалық орталығы деп атады.

– Алматы бүкіл Қазақстанның өркендеуіне зор ықпал етеді. Сондықтан мен Алматының дамуын, қала тұрғындарының тыныс-тіршілігін айрықша назарда ұстаймын. Әсем Алматымыз болашақта бұдан да көркейе беретініне сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент биыл елімізде 4 ауқымды жоба қолға алынатынын жеткізді. Атап айтқанда, көптеген жылу орталығы және инженерлік желілер жаңғыртылады, 12 мың шақырым жол салынып, жөнделеді. Сонымен қатар 300 мың адам табиғи газдың игілігін көре бастайды және ауыл мен аудан тұрғындары үшін жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспайтын болады. Ал жалға берілетін баспана саны бірнеше есе көбейеді.

– Мұның бәрі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етері сөзсіз. Елге,



халыққа арналған осындай игі шаралар міндетті түрде жалғасын табады. Баршаңызды бүгінгі Көктем мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінен кейін алаңға жиналған жұртшылықпен бірге мерекелік концертті тамашалады.

Сондай-ақ Президент Алматыдағы «Абай» алаңында өтіп жатқан халықаралық «Наурыз Фест» фестиваліне барды.

Бұл шығармашылық шара Наурыз мейрамын тойлайтын елдердің – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Түркия, Моңғолия және Башқұртстанның мәдениеті мен дәстүрін бір шаңырақ астына біріктірді. Шетелдік қонақтар өздерінің декоративті-қолданбалы өнер туындыларын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын таныстырып, халық әндерін шырқады.

Алаңда шараға қатысушы елдердің шатыр-шеберханалары, ұлттық тағам павильондары, киіз үйлер тігілген қазақ этноауылы, интерактивті алаңқайлар, балалар шығармашылығы және роботты техника аймағы, инсталляциялар, шағын сәулет нысандары мен композициялар орнатылған.

Фестиваль бағдарламасы аясында музыкалық ұжымдар шеруі, театрландырылған қойылымдар, отандық және шетелдік қолөнершілер жәрмеңкесі және «Қамшы» атты көрме ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысына оқушылардың роботты техника саласындағы озық әзірлемелерін көрсететін инновациялық алаң – «Робо-киіз үй» таныстырылды. Бұл жұмысты Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары, Global Challenge 2023 чемпионатының абсолютті жеңімпаздары Дәмелі Шаймерденова, Иманәлі Көксал, Сергей Гапонов, Нұрсұлтан Жанұзақов, Нұрислам Тұрғынбай әзірлеген.

1-бет

ҮКІМЕТ

Қазақ-Қатар қатынасы жаңа деңгейде

Жуырда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов жұмыс сапарымен Қатар мемлекетіне барды.

Дохада Олжас Бектеновті Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни қабылдады. ҚР Премьер-министрі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шынайы сәлемі мен ізгі тілектерін жеткізді.

Үкіметтің хабарлауынша, кездесу барысында Қазақ-Қатар қатынастары ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша жоғары қарқынмен нығайып келе жатқаны айтылған. Биылғы ақпан айында өткен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни арасындағы келіссөздер екі елдің ынтымақтастықты жаңа стратегиялық деңгейге көтеруге деген өзара ұмтылысын көрсетеді.

Сапар аясында Олжас Бектенов Қатар Премьер-министрі – сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Абдурахман Әл Тәнимен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Үкіметаралық кездесулердің мәні екі мемлекет басшылары қол жеткізген уағдаластықтардың орындалу барысы, сондай-ақ энергетика, ауыл шаруашылығы және т.б. салалар бойынша инвестициялық жобалардың сапалы әрі уақытылы іске асырылуына жәрдемдесу болды.

«Қатар – Қазақстанның араб әлеміндегі маңызды экономикалық серіктесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қатарға сапары шеңберінде қол жеткізілген уағдаластықтар біздің инвестициялық ынтымақтастығымызды сапалы жаңа кезеңге шығарады. Біз бұрын-соңды болмаған қомақты сома $17,6 млрд-ты құрайтын ауқымды және стратегиялық маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру алдында тұрмыз» деді Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Үкімет басшысы кездесуде Қазақстанның Қатар нарығына халал және органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу бойынша серіктес болуға дайын екенін мәлімдеді. Қазіргі уақытта қазақстандық кәсіпорындар АӨК саласындағы жобаларды іске асыру бойынша қатарлық компаниялармен ынтымақтастық орнатуда.

Өз кезегінде Қатар Премьер-министрі – сыртқы істер министрі сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға мүдделі екенін растады.

«Екі ел арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға жақсы саяси негіз бар. Мемлекеттеріміздің басшылары бұған дейінгі сапар барысында ынтымақтастықты жоғары деңгейге шығарып, бірқатар бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екендерін білдірді. Бүгінгі кездесуіміз жоғары деңгейде қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өз тарапымыздан біз екіжақты іс-қимылды кеңейтіп, тереңдету үшін жаңа бағыттарды зерттеуге дайынбыз» деді шейх Мұхаммед бен Абдурахман Әл Тәни.

Бұдан бөлек, тараптар мәдениет және білім беру, азаматтық авиация және туризм саласындағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Қатар мемлекетінің үкіметтері арасында негізгі салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімге қол қойылды. Ірі инвестициялық жобалардың ішінде жалпы сомасы шамамен $5,7 млрд болатын газ өңдеу зауыттарын салу, $7,7 млрд болатын «Ақтөбе-Қостанай» магистральдық газ құбырының және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін жүргізу, $2,7 млрд болатын қуаттылығы 1 100 МВт бу-газ қондырғысы негізінде электр стансасын және 350 МВт-тық су электр стансасын салу, сондай-ақ бидай, бұршақ және сүтті терең өңдеу зауыттарын салу жобалары бар.

«СБ» ақпарат

«Байқоңыр» кешенінің негізгі мәселелері талқыланды

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр Байқоңыр қаласында РФ Үкімет төрағасының орынбасары- Өнеркәсіп және сауда министрі Денис Мантуровпен кездесті.

Кездесуде «Байқоңыр» кешенінің негізгі мәселелері талқыланды. Тараптар «Бәйтерек» бірлескен ғарыш-зымыран кешенін құру жөніндегі жобаны іске асыру барысына ерекше назар аударды. Жоба бұрын қол жеткізілген уағдаластықтар мен жасалған келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асырылатынын атап өтті. Кездесуде жобаны іске асыруды жалғастыру бойынша одан әрі бірлескен іс-қимылдар тәртібі келісілді.

Бұл жобада қазақстандық тарап жерүсті инфрақұрылымын құруға және «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешенін жаңғыртуға жауапты.

Сондай-ақ, тараптар екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін және Байқоңыр қаласының даму перспективаларын талқылады. Атап айтқанда, ҚР азаматтарына Байқоңыр қаласына кіруге және шығуға рұқсат беру құжаттарын электронды рәсімдеу мәселесі талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар «Байқоңыр» кешені инфрақұрылымының әлеуметтік-мәдени әлеуетін тиімді пайдалану және дамыту үшін өзара іс-қимыл жасауға келісті.

Қала статусы: **көркейер мекен көбейе ме?**

САНАТ БОЙЫНША САРАПТАҒАН АБЗАЛ

Жалпы елімізде қала атанған елді мекендердің саны 90-нан асады. Кейінгі жылдарда халқы молайған оншақты ауыл қосылды. Дегенмен қалалардың санатқа жіктелетінін ескерген дұрыс. Мәселен, Қазақстанда олардың 6 санаты бар. Біріншісі, өте ірі қалалар, халық саны 1 миллионнан асады. Әзірге бұл деңгейге Астана, Алматы мен Шымкент қаласы ғана жетті. Екіншісі, ірі қалалар, 300 мыңнан 999 мыңға дейін тұрғын өмір сүреді. Көптеген облыс орталықтары осы санатқа енген. Үшіншісі, 200 мыңнан 299 мыңға дейін халқы бар үлкен қалалар болса, төртіншісі, 100 мыңнан 199 мыңға дейін адамы бар орташа қалалар. Бесіншісі, 10 мыңнан 99 мыңға дейінгі шағын, алтыншысы, халқы 10 мыңға жетпейтін ең шағын қалалар.

Енді жіктейтін болсақ, Ұлттық экономика министрлігінің көзқарасы құптауға тұратынын байқаймыз. Мысалы, қалаға айналуы мүмкін деп аталған өңіріміздегі Жаңақорған, Шиелі, Әйтеке би кенттерін қарасаңыз, әрқайсысының халық саны 30 мыңнан әлдеқашан асып кеткенін көресіз. Үшеуі де жоғарыда атап өткен санаттардың бесіншісіне сәйкес келеді, яғни, шағын қала атануға толық мүмкіндігі бар.

ҚАЛА һәм ХАЛЫҚ

Сонымен, қала статусын алған күннің өзінде не өзгеріс болуы мүмкін? Ең алдымен бұндай өзгеріс тұрғындардың өмір сүру сапасына оң әсер етеді. Өйткені қала статусын алған ауылдың міндетті түрде әлеуметтік нысандары, инфрақұрылымы дамиды. Бизнес саласы да көбіне қала атанған жерлерде жанданатыны жасырын емес. Әрі халықтың тұрақтап қала беруіне септеседі. Бір мысал келтірейік, қала салу мәдениеті гүлденген кәрі құрлық елдерінде 10 мың адамға жетпейтін тұрғыны бар елді мекендердің өзіне қала статусын беріп тастайды. Соның арқасында билік ол жерлерге әлеуметтік нысандар салып, инфрақұрылымды жылдам дамытуға күш жұмсайды. Бір жағынан мұндай қадамға бару үшін қаржылық мәселе де жол тосатынын естен шығармаймыз. Әйтпесе Қазақстанда 10 мыңнан аса халқы бар 112 ауыл бар екен. Десек те алдағы уақытта аталған тәжірибені ескерген жөн.

Алысқа ұзамай-ақ күнгей беттегі қос көршімізге қарайық. Қырғыз Республикасы әлі күнге дейін қалаларды көркейту жайына аса мән бермейді. Оның дәлелі ретінде бұл елдің барлығы 31 қаласы ғана барын айта аламыз. Ал Өзбекстан қалаларды жандандыруға күш салып келеді, қазір онда барлығы 130 қала бар. Көп болғанынан не пайда дерсіз, алайда шаһарларын көркейту арқылы өзбектер туризмнен мол қаржы табатын алпауытқа айналып келеді. Мысалы, былтыр алғашқы 9 айдың өзінде туризм саласынан 1,72 млрд доллар пайда тапқан. Міне, қалалардың көбеюі мен көркеюі ақша тартудың құралына айнала алатынына нақты дәлел.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

1-бет

Наурыз

Суреттері түсірілгендер Б.Есжанов, Н.Нұржаубай

Бейнесі көркем, рухы биік Наурыз

Биылғы жылы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек.

Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін» деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы ерекше мән берген Ұлу жылындағы Ұлыстың ұлы күні елімізде жаңаша бастау алды. Осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданып, әр күнге атау берілді.

Көрісу күнімен басталған мизам шуақты мерекені жұртшылық – «Қайырымдылық», «Ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні» секілді атауларға сай мерекеледі.

Ал «Жыл басы» деп аталған 22-наурыз жердің жүзін ақ жауынымен жуып, жылы шуағын төгіп келді. Осы күнгі әз Наурыз Қызылорда қаласында ерекше бейнеде аталып өтті.

Қала орталығынан биыл бой көтеріп, жақында пайдалануға берілген «Өнер орталығының» қас бетіндегі көшеге тұтас бір қазақ ауылы көшіп келгендей. Қаз-қатар тізілген сауда қызып, ән қалқып, күй шалқып жатыр. Облыстық музей, архив, мәдениет мекемелері тіккен киіз үйлердің іші көз жауын алады.

Осы бір оябы бөлек, келбеті ерек мереке төрінде облыс әкімі Н.Нәлібаев халықты Жыл басымен құттықтап, сөз сөйлеп, биылғы наурыздың айрықша маңызын ашты.

– Әз Наурыздың мәртебесін көтеру, мән-мазмұнын байыту бастамасы жақында Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы тарапынан кеңінен ашыла түсті.

Президентіміздің бастамасымен биылғы Наурыз мейрамы 10 күн бойы мерекеленуде. Бұл онкүндік төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрлерін қалыптастыруға, озық адами қасиеттерді – қайырымдылықты, шынайылықты, адалдық пен мейірімділікті дәріптеуге бағытталған, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сонымен бірге облыс басшысы қызылордалықтарға Сыр еліндегі серпінді істердің нәтижесін көрсететін ақжолтай жаңалықтарды жеткізді.

– Соңғы жылдары мақсатты бастамалар қолға алынып, аймағымыз қарқынды даму алаңына айналуда. Экономиканың барлық салаларында өсім бар.

Қаңтар-ақпан айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында алғашқы орынды иелендік.

Осыдан бір жарым жыл бұрын облыс бюджеті 387 млрд теңгені құраған болатын. Биылғы жылы өңірдің бюджеті 650 млрд теңгеге бекітілді.

Бұл ауқымды қаражат халықтың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуда.

Сырбойылықтардың 98,4 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Биыл осы бағытта 5,4 млрд теңгенің ауқымды 14 жобасы жүзеге асырылады.

2025 жылға қарай облыс тұрғындарын 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз етеміз. Өңір тұрғындарының 75 пайызы «көгілдір отын» игілігін көруде.

4 млрд теңгеге аймағымыздағы 12 елді мекенді газға қосып, жыл соңына дейін газбен қамту көрсеткішін 78 пайызға жеткіземіз.

Мерейлі мереке аясында Шиелі ауданында екі ауыл «көгілдір отынға» қосылды.

Аймағымызда 5 млрд теңгеге жуық қаржыға 225 шақырым электр желісі мен 50 қосалқы станция орнатылады. 27 млрд теңгеден астам қаржыға ұзындығы 247 шақырымды құрайтын жолдар жөндеуден өтеді. Жыл соңына дейін жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 90 пайыздан асады.

Өңіріміз күн санап көркейіп, ажарын айшықтайтын зәулім ғимараттар, тұрғын үйлер бой көтеруде.

Биыл бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласында және аудандарда 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлі 70 тұрғын үй құрылысы жүргізіледі.

Мереке қарсаңында 220-ға жуық отбасы жаңа баспанаға ие болды, – деп облыс басшысы ел-жұрттың мерекелік көңіл-күй қуанышын еселеді.

Бұлармен қоса жақын күндері Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі автовокзал ғимаратының, «Қорқыт ата» әуежайы жаңа терминалының, алдымыздағы медицина қызметкерлері күні қарсаңында облыстық «Қан орталығының» пайдалануға берілетіндігін айтты.

Мереке үстінде облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы жас сәбидің тұсауын кесті.

«Өнер орталығындағы» наурызда мекеме, ұйым басшылары өз қызметкерлеріне Алғыс хаттар беріп, мерекелік құттықтаулар жасады.

Облыстық мәдениет басқармасының басшысы М.Қазбекова бірнеше мәдени мекеме өкілдеріне облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Мерекедегі спорттық шаралар өте қызықты өтті. Күрес, гір көтеру, тірі салмақтағы қой көтеру жанкүйерлердің делебесін қоздырды. Әсіресе, алпыс келі болатын марқа қойды мойнына салып, 102 мәрте отырып-тұрған Жалағаш ауданының палуаны Қалдыбек Айғалидың өнеріне көпшілік сүйсіне қол соқты. Осылайша жас жігіт ауылына қой олжалап қайтты.

Қазақ халқы қашаннан жарқын жүзді, жылы жүректі, жомарт мінезді, мейірбан жұрт. Оның осы қас-келбеті төл мерекесінде де айшықталған.

Біз Ұлыс мерекесінде сондай сұлу бейнелі, рухы биік күннің қуанышына куә болдық.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

1-бет

Қармақшыдағы салтанат сәні

Бейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданында «Әз Наурыз – игіліктер бастауы» атты мерекелік шара өтті. Жиынға ауыл тұрғындары, аймақ ардагерлері қатысты.

Жосалы кентінің орталық алаңында ұлттық қолөнер бұйымдары көрмесі қойылып, ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылды. Салт-дәстүр қойылымдар арқылы жаңғырды. Іс-шара қонақтары бүлдіршіндердің тұсауын кесіп, игі тілек айтты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды, ауыл тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Сұлу Сырдың жағасы күн санап көркейіп, ажарын айшықтайтын зәулім ғимараттар, тұрғын үйлер бой көтеруде. Мереке қарсаңында 220-ға жуық отбасы жаңа баспанаға ие болды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады. Тағы 11 мектептің құрылысы басталады. Соның ішінде 2 жайлы мектеп Қармақшы ауданында салынады. Облыс орталығында «Шығармашылық академиясы», екі ауданда «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептерінің» құрылысы жүргізіледі. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді ауруханаының құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын «Қан орталығы» Медицина қызметкерлері күні қарсаңында пайдалануға беріледі. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өткен жылы елді мекендерде 16 дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды. Соның үшеуі осы ауданның Тұрмағамбет, «Ақжар», Дүр Оңғар ауылдарында салынды. Қазір жаңа медициналық нысандарға 7 мыңнан астам тұрғын тіркелген. Биыл дәл осындай 11 нысанның құрылысы жалғасып, «Қармақшы» және «Қуандария» ауылдарында 2 фельдшерлік-акушерлік бекет салынып, жыл соңына дейін ел игілігіне табысталады, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мерекелік жиында Қармақшы ауданының дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, қоғам қайраткерлері Бақберген Досманбетов, Бекмырза Еламанов сөз сөйледі.

Іс-шара мерекелік концертке ұласты.

Айта кетейік, соңғы жылдары Қармақшы ауданында игілікті жұмыстар жүзеге асуда. Индустрияландыру бағдарламасы аясында «Ақтөбе» ауылында «Қармақшы құс» фабрикасы іске қосылды. Жосалы кентінде «АНК-Дәулет» серіктестігі газоблоктар өндіретін зауыт құрылысын бастады. «Ақай», Дүр Оңғар және «III Интернационал» ауылдарында 1,3 млрд теңгеге денешынықтыру кешендерінің құрылысы жүргізілуде. Биыл Жосалы кентіндегі жаңадан ашылған «Тәуелсіздік» ықшам ауданына газ желілері жеткізіледі. Төретам кенті мен «Ақай» ауылы жақын күндері «көгілдір отынға» қосылады. Сондай-ақ, Дүр Оңғар ауылына баратын газ желісінің құрылысы басталады. Мұның ықпалымен айналасындағы ауылдарды да газға қосуға мүмкіндік туады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

95-ке толарда...

Президент пәрмен бергеннен көп ұзамай қолымызға Наурыз мейрамын атап өтудің жаңа тұжырымдамасы тиді. Соның алғашқы қанаткақты бетінде Абай мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бір-бір ауыз түйін сөзі таңбаланған екен.

Ұлы Абай: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрам болып, Наурызнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен десе, ойшыл Мәшһүр Жүсіп: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама... Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді екен» – дейді.

Ескіден жеткен екі ауыз сөздің тұжырымдамаға тірек болуы тегін емес. Мұның астарында Тәуелсіз елдің тілеуі, онан қалды табиғатпен саналы түрде үндесе алу үрдісі бар.

Бәрі де жаңарып жатыр. Наурызнама аясында он күннің олжасы толығып, әрбір күнге ұлт дәстүрін ұлықтайтын атау беріліп, қазақтың ескі де жаңа әдеп-ғұрпы жаңғырып жатыр.

Арғысын айта алмаймын, бірақ биыл жарық көргеніне 1-ші шілдеде 95 жыл толатын «Сыр бойы» газеті өз тарихында осы бір Ұлыс күнін насихаттауда ұлтқа тән ұстанымы нық үнпарақ болғанына ешкімнің дауы жоқ. Жаңарудың Жыл басынан, яки, әз Наурыздың биыл ерекше екпінмен салтанат түзеуінен біз де жігер алып, бөркімізді (газеттің атау-айдары) бір қомдап қоюды жөн санадық. Бұл сірә, шілдеге дейін шыдамағандық емес, Жыл басымен бірге 95-ке қадам басқандықтың белгісі деп білерсіз.

Өңірлік баспаны тарихы ғасырдан асқан, елге түгел тарайтын «Егеменмен» еншілестіруге болмайды. Әйтсе де, деректер сөйлегенде алды 100 жылдан асқан облыстық газеттер сапында «Сыр бойының» жалпы жарыққа шығу саны артық болмаса, ешбірінен кем түспейді. Ғасырға бір қадам жолда өңірдің аға басылымы елдің сөзін сөйледі, барына қуанды, жоғына жасыды, рухани қолдаушысына айналып, тарихын таңбалады. Бәрінен бұрын «қазір осы газеттің қажеті қанша?» дейтін базбір сыңаржақ көзқарастағыларға тосқауыл болатын парасатты оқырманның ықыласы.

Биыл газеттің мерейтойы қарсаңында БАҚ өкілдері арасында шығармашылық байқау, спорттық жарыстар, аудандарда оқырмандармен кездесулер өткізу жоспарда бар.

Оның бастауы Ұлыстың ұлы күнінде газет жүзінен желкен көтерсе деген игі мақсат еді...

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы»

Сыр бойы
№45-46 (20719-20720) 23 наурыз сенбі 2024 жыл

Наурыз

Наурыз: **дәстүр мен жаңашылдық**

Биыл Наурыз мерекесін тойлаудың 10 күндік жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамаға сәйкес, әр күннің маңызы айшықталып, 14 наурыздан бастап жер-жерде түрлі шаралар өтуде. Ұлыстың ұлы күнін Сыр өңірі де ерекше атап өтті.

Қызылорда. Наурызнаманың он күндігінде салт-санамызды, дәстүрімізді жаңғыртуға бағытталған шаралар қала аумағында, кент және ауылдық округтерде кеңінен аталып өтілуде.

«Ынтымақ» күнінде тұрғындар Таразкөшесінің бойында «Армысың, әз Наурыз!» атты мәдени-көпшілік шараны тамашалады. Елдің бірлігі мен берекесін білдірген мейрам халық күткендей сән-салтанатқа ие болды. Қала әкімі Серік Қожаниязов тұрғындарды мерекемен құттықтады.

– Ежелден келе жатқан әз Наурыз ұлық мерекеміз биылғы жылы ерекше аталып өтілуде. Мемлекет басшысының бастамасымен жоспарланған «Наурызнама» қайта жаңғырып, ұлы даламызда ұлттық дәстүріміз салтанат құруда. 14 наурызда Көрісу күні – Амал мерекесімен басталған бұл шараның әрбір күні арнайы атаумен аталып, бүгін мерекенің шырайын шығарып, шаттыққа кенелткен «Ынтымақ күні» ретінде аталып өтілуде. Қазақтың әдет-ғұрпына әлемнің көптеген ұлттары мен ұлыстары қызыға қарайды. Ұлттық салт-дәстүрді сыйлау, болашақ ұрпаққа аман-есен жеткізу – біздің қасиетті парызымыз, – деді Серік Салауатұлы.

Наурыз тойының сәнін келтіріп, қазақы үй тігіп, мерекенің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан бірқатар мекеме және оқу орындары қала әкімінің марапатын алды.

Мерекелік шарада Наурыз нақыштары, ұлттық салт-дәстүріміз жан-жақты насихатталып, Сыр сүлейлерінің шығармалары орындалды. Қала тұрғындары дәстүрлі әнші Айгүл Қосанова, Әл-Фараби Бекарысұлы, Үміт Медеуова, «Алатау серілері» этно-фольклорлық ансамблі, Жанболат пен Жазираның өнеріне сүйсіне қол соқты.

Арал. Әз Наурыз мерекесі аудан орталығы, кент пен барлық ауылдық округтерде жоғары деңгейде тойланды. Аудан әкімі А.Оңғарбаев пен мәслихат төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары мен мекеме басшылары думанды күндерде халықпен бірге болды.

Аманжол Сақыпұлы «Жақсықылыш» кентіне барып, кент халқын мерекемен құттықтады. Дүбірлі тойда абыз ақсақал Баймырза Жұбаниязов пен «Аралтұз» АҚ-ның зауыт директоры Айдос Қанағатұлы сөз алып, бірлігі жарасқан берекелі ел болашағының әлі де жарқырай түсуіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ шара барысында «Аралтұз» АҚ мекемесіндегі тұзшылар қауымына аймақ басшысының мерекелік құттықтауы табысталды.

Мерекелік көпшілік шарада қазақы салт-дәстүрлерден сахналық қойылымдар көрсетілді. Ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлер тігіліп, наурызкөже таратылды. Сонымен бірге, тұрғындар арасында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды.

Қазалы. Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесін қазалылықтар да ерекше атап өтті. Жұртшылық орталық алаңға ерте бастан жиналып, бауырсақ пен наурызкөжеден дәм татты. Түрлі тақырыптағы киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорттан жарыстар ұйымдастырылды. Сондай-ақ өнерпаздар көрініс қойып, ән шырқап, би биледі.

Мерекелік шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет арнайы барып, қала тұрғындарын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар Қазалы қаласының өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар мен ұжымдарды Алғыс хатпен марапаттап, шынайы ризашылығын жеткізді.

Шара барысында аудан әкімі мен бірқатар зиялы қауым өкілдері және ардагерлер кішкентай бүлдіршіндердің тұсау кесу рәсіміне қатысып, оларға ақ жол тіледі. Ұлыстың ұлы күніне арналған салтанат соңы қала өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Айта кету керек, мерекеде аудан жастары Қазалы теміржол вокзалындағы жолаушылар мен теміржол қызметкерлерін айрықша салтанатпен қарсы алып, Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Жолаушылар жастар ұсынған ыстық наурызкөже, бауырсақ пен шұбаттан дәм татты.

Қармақшы. Қармақшы ауданында өткен «Әз Наурыз – игіліктер бастауы» атты мерекелік шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Жосалы кентінің орталық алаңында ұлттық қолөнер бұйымдары көрмесі қойылып, ұлттық ойындар насихатталды.

Аймақ басшысы жиналған қауымды, ауыл тұрғындарын Наурыз мерекесімен құттықтап, Қармақшы ауданының дамуына үлес қосқан белсенді азаматтарды Алғыс хатпен марапаттады. Шарада қоғам қайраткерлері Бақберген Досманбетов, Бекмырза Еламанов та сөз алып, аудан халқына игі тілектерін жеткізді.

Жалағаш. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Мәдениет ауылдық округінде өткен «Әз Наурыз» салтанатты шарасына қатысып, Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Ауыл ардагерлеріне облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының алғыс хатын табыстап, мерекелік құттықтауын жеткізді.

Мерейлі мерекеде ауыл өнерпаздары көрермендерге ән мен жырдан шашу шашып, тұрғындарға наурызкөже ұсынылды. Ауылдың талантты қолөнер шеберлерінің көрмесі мен ұлттық спорт түрлерінен сайыс өтті.

Сырдария. Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мерекесіне орай Тереңөзек кентіндегі орталық алаңда аудан өнерпаздарының қатысуымен «Армысың, Әз Наурыз» атты театрландырылған қойылым ұйымдастырылды. Сондай-ақ аудандық мәдениет үйінде айтыскер ақын, өтірік айтыс жанрының майталманы, Сырдария ауданының құрметті азаматы Замаддин Ибадуллаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Заманның заңғары – Замаддин» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

Айта кету керек, «Бесарық ауылында» өткен «Әз Наурыз – игіліктер бастауы» атты мерекелік шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысқан болатын. Онда аймақ басшысы жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтады. Қазақтың дәстүріне сай «Ат қою», «Тұсаукесер», «Селт еткізер» рәсімдері өткізіліп, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Шиелі. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі М.Шоқай атындағы орталық алаңында бастау алды. Көпшілікке жергілікті өнерпаздар театрландырылған қойылым, мерекелік концерт, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан көріністер ұсынды. Ұлттық ойын түрлерінен түрлі жарыстар ұйымдастырды.

Наурыз мейрамы қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, «Бестам», «Телікөл» ауылдық округтеріне газ қосу рәсіміне қатысқан болатын. Ауыл тұрғындарын қос қуанышпен құттықтады. Онан соң «Телікөл» ауылдық округіндегі «Наурыз. Қазақстан. Жаңару!» атты мерекелік іс- шараға қатысып, көңілді сайыстар мен жергілікті өнерпаздардың ән шашуын тамашалады.

Жаңақорған. Әз Наурыз мейрамы барлық ауылдық округтерде салтанат құрды.

Ұлыс күні ерекше дайындықпен, керемет көңіл-күйде «Наурыз – көктем шуағы!» атты мәдени-көпшілік шара өтті.

Мерекелік шараға облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов арнайы қатысып, жиналған көпшілік қауымды мерекемен құттықтап, бірқатар азаматтарға облыс әкімінің құттықтау хатын табыс етті.

Театрландырылған қойылыммен басталған мерекелік шарада қазақтың әдет-ғұрпы дәріптеліп, «Тұсаукесер», «Сырға салу» секілді ұлттық салт-дәстүрлерден көрініс көрсетілді. Қолөнер шеберлерінің көрмесі, алтыбақан, киіз үйлер, бәрі-бәрі мерекелік салатант әрін келтірді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ
«Сыр бойы»

Трендтегі туындылар

Ұлттық қолөнер бағзы заманнан бері қалыптасып келеді. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты қолөнердің сан алуан түрі бар десек, соңғы жылдары күнделікті тұрмыстық заттардан бастап, қыздардың әшекей бұйымдары, киім–кешек, ыдыс-аяқ, тіпті, жолдорбаларына дейін ұлттық нақыштағы бояуға қанық.

Қызылордалық Амира Исабаева – ұлттық нақышта заманауи жолдорба мен қол сөмкелерін тігіп, көпшілікке ұсынып жүрген қолөнерші. Қолөнер саласына келгеніне көп уақыт бола қоймаса да, жастар мен тұрғындардың талғамына сай дүниелері қазір трендте.

– Адамға адам себепші. Қолыма инежіп ұстап көрмеген адамның бірі мен едім. Белгілі бір себептерге байланысты алдыңғы жұмысымнан өз еркіммен бір күнде шығып кетіп, жұмыс іздестіріп жүргенмін. Інім ол кезде авточехол тігумен айналысатын. Бір күні өзі үлгермей жатқан кезде маған өтініш айтып, «жайнамаз тігу сенің қолыңнан келеді» деп сеніп тапсырды. Осылайша тігін тігіп үйреніп, тәжірибе жинақтай бастадым. Ата-анам да, бауырларым да қолдау көрсетті. Содан кейін іштей сенімділік пен тігін өнеріне деген құштарлық пайда болды. Кейіннен неге өз қалауыма сай басқа нәрселер тігіп көрмеске деп Астана қаласындағы Дамуспренттен жаңа әдіс-тәсілдерді үйреніп қайттым. Онда 1,5 айдай оқыдым. Келген соң түрлі идеяларымды іске асыра бастадым.

Өзіме ұнайтын трансформер, яғни, ұзартылып-қысқартылатын жол сөмкелеріне қызылордалықтардың көзқарасы басқаша болды. Алайда осы бағытта жұмысымды жалғастыра бердім. Шамамен 3 айдан соң қаладағы асабалар, өнер адамдары тапсырыс бере бастады. Негізінен Ақтау, Атырау қаласының тұрғындары жиі тапсырыс беріп, алдырып жатады. Тігуге қажетті заттарын, эко тері мен теріні алмастырушы материалдарды Алматы қаласынан алдырамын. Өйткені аймақ тұрғындарының қаржылық мүмкіндігіне байланысты эко теріден дайындалған өнімдер сұранысқа ие. Таза табиғи теріден жасауға болар еді, алайда оны сатып алуға халықтың қалтасы көтермейді. Соны ескере отырып, матасын да, сапасын да, бағасын да халықтың сұранысына сай етіп ұсынудамыз, – дейді Амира Қасқырбайқызы.

Қолөнершінің ассортиментінде жолдорба, иықдорба, ноутбук салуға арналған, спорттық сөмкелер, сонымен қатар ұлттық нақыштағы үйге киюге арналған аяқкиімдер мен машинада отырғанда белге қоятын жастықшалар, трансформер жамылғыштар бар. Амираның қолынан шыққан дүниелердің ерекшелігі – ұлттық нақыш пен заманауи стильдің тоғысуында. Әрі түрлі жағдайға сай сөмкелер ұзартып, қысқартуға ыңғайлы. Тек қана жастар емес, жалпы әртүрлі жастағы адамдарға жақсы таңдау.

– Алда жоспарым көп. Бұйырса, осы жазда Астана қаласындағы ұлттық қолөнер бұйымдары көрмесіне қатысу ниетім бар. Мұндай республикалық көрмеге бірінші рет қатысқалы тұрмын. Әрі алдағы уақытта облыс бойынша да қолөнер бұйымдарына арналған көрмелер жиі ұйымдастырылып тұрса, тәжірибе алмасып, өзімізден шыққан өнімдерді өзіміз танысақ, қолдасақ дегім келеді, – дейді кәсіпкер.

Дина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алтын шанақты **ағаштан ойған хас шебер**

Домбыра – қазақ халқының ежелден келе жатқан әуездік аспаптарының бірі. Сол арқылы даңқты күйшілер: Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Сүгір, Қазанғап, Төлеген, Қаршыға, Секен, Айгүл, тағы басқалар ұлттық өнеріміздің өркенін өрістетіп, айдай әлемге паш етті. Бармағынан бал тамған майталман домбырашылар қалың көрерменді құдіретті күйдің сиқырлы сарынымен баурап, жүректерге рухани ләззат сыйлады.

Қатпарлы тарихымыздың көзіндей көрінген түрлі ескерткіштерге, сонымен бірге этнографтардан жеткен дерек көздеріне сүйенсек, домбыра мен туысқан халықтардың осыған ұқсас аспаптарының шығу тегі тереңде жатыр. Оның сонау орта ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге жеткені белгілі болып отыр. Кейде еліміздің кейбір аймақтарындағы халқымыздың осы бір аса қасиетті қос ішекті, көп пернелі музыкалық құралын жасаумен айналысатын шебер қолды ісмерлер туралы естігенде елең етіп, кеудемізде ризашылық сезімі бой көтеріп қалатын.

Ел іші – өнер кеніші. Сөйтсек бойында осындай қабілет-қарымы жеткілікті, талантты жандар Қазалы жерінде де бар екен. Ол – Әйтеке би кентіндегі Жамбыл көшесінің тұрғыны Ерболат Яхияұлы Қанатбай. Оған арнайы жолығып, өмір жолы, кез келгеннің қолына түсе бермейтін кәсіпті таңдау сыры төңірегінде сұхбаттасудың сәтін келтірдік.

С.Сейфуллин атындағы №165 мектебінен түлеп ұшқан Ерболат 1990-1992 жылдары Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында әскер қатарындағы азаматтық борышын өтеді. Туған жерге оралысымен теміржолды сумен жабдықтау мекемесінде ағаш ұстасы болып еңбек ететін әкесі Яхияның қасына жұмысқа орналасады. Оқушылық шағында-ақ үй ішінің ұсақ-түйек шаруаларын ұсынақты атқарып, машықтанған жігіт ағаштан түйін түюдің құпия қырларын терең меңгеруге ден қойды. Аз уақыт бедерінде тапсырылған істі тиянақты да сапалы орындайтын дәрежеге жетті.

Алайда тоқырау жылдарындағы нарықтық реформаның қатаң талабына сәйкес, бір топ ұжымдастарымен бірге қысқару қыспағына ұшырап, тым тәуір үйренісіп қалған мамандығымен қош айтысты. Аяқасты кездескен жайсыз жағдайға жабырқап, көңілін құлазытуға жол бермеуді ойлаған Ерболат үйден тапсырыс қабылдауға бел буды. Соның арқасында есік-терезе, үстел, қол жуғыш сияқты күнделікті тұрмысқа қажетті көптеген бұйым істеді. Бұл қарекеті отбасының шайлығын айыруға біршама көмегін тигізді.

Бірде Ерболаттың жанына келген әкесі мұның мандай терін төге жасаған заттарын көрді. Қуанышты пейілін жасырмай, еңбегінің жемісін ұзағынан көре беруіне тілектестігін арнады. Сосын үйдің көлеңкесіндегі сыпырғышты домбыра қылып, ойнап отырған кішкентай Айдосты көз қиығымен нұсқады. Балдырғанның аңғал қылығына сүйсінген әкесі: «Шырағым, мына жиеніңнің талабы таудай екен. Бұған енді ағаштан домбыра жасап бергенің жөн болар» деп ұлына салмақ сала тіл қатты.

Үлкен кісінің айтқан тілегін жерде қалдырмауға бекінген Ерболат қарындасы Динаның бір жасар сәбиі Айдосқа аталған аспапты жасап, тапсыруға ынта қойды. Арада бірнеше күн өткенде домбыраның шағын түрі – шіңкілдек дайын болды.

Кездейсоқ сәттілік дегенді қойсаңшы! Бұл оқиғадан кейін Ерболаттың бойында домбыра соғуға деген ерекше қызығушылық пайда болды. Алға қойған құштарлығы мен талпынысын мұның бірге оқыған сыныптас досы Мұхтар да қолдап, көмегін көрсетті. Ол Ерболатқа үйінен уақытында ауданның белгілі өнерпазы атанған әкесі Әбен Жолтаевтың домбырасын әкеліп береді. Соған қарап перне, сағақ, шанақтың жасалуын көріп, өлшемі мен орналастыруын үйренді. Талмай іздене жүріп, 19 пернеден тұратын домбыраны дүниеге әкелді.

Көш жүре түзеледі. Алғашқысының біршама кемшін тұстары кездессе, бертін келе кеткен олқылықтарды ойға түйіп, ұқыптап жөндеуден жалықпады. Кейде қолынан шыққан аспабын тыңдармандарға танылған жергілікті домбырашылар Орақ Баубеков, Ерпазыл Жүсіпов, Мұрат Жебеевтерге көрсетіп, ақыл-кеңестерін алуды ұмытпады. Соның арқасында шеберлігі шыңдалып, тәжірибесі толыса түсті.

Бұл күндері Ерболаттың домбыраларын интернет жарнамалары арқылы құлақтанған Астана, Алматы, Ақтөбе, Қызылорда, Орал, Ақтау, Байқоңыр және басқа да қалалардың тұрғындары алдырып, көптеп тұтынуда. Іскер жан домбырамен бірге бірнеше қобыз да соғып шығарыпты. Қазірде Ерболат аудандық мәдениет бөлімі, музыка мектебі, «Оқушылар үйі» ұжымдарымен байланысын үзген емес. Өйткені олардың ескі аспаптарын жаңғыртып, өтініш болып жатса, жаңадан жасап та береді.

Бізбен әңгіме барысында Ерболат Яхияұлы:

– Домбыра жасауға қарағай, қайың, терек ағашы қолайлы. Қарағай мен қайыңнан соғылғаны күй мен термеге, теректен істелгені ән айтуға жақсы келеді. Айналысып жүрген кәсібімнің машақаты жетіп артылады. Шанақты ыстық суға салып иіп, көлеңкеде кептіремін. Қатты ағашты тұз тұнбасына салып, икемге келтіремін.

Дайындалған аспапты түссіз лакпен бояған дұрыс. Өте қалың етпей, жұқалап жақса беріктігін сақтауға көмектеседі. Шанақтың бетіне лакты барынша бірқалыпты, тегіс етіп пайдалануға мән берген жөн, – деп өз кәсібінің кейбір көпке беймәлім жақтарын ақтарыла жеткізді.

Дәл осы тұста жанымызда отырған Ерболаттың шешесі, Батыр ана Үрімхан сөзге араласып: «Талаптыға нұр жауар» деген. Шүкір, баламның қолының бейімі бар. Құдайым тіл көзден сақтап, бақыты мен бағы өрлей берсін!» деді.

Иә, асыл ананың шуақты көңілінен шыққан ақжарма тілегіне біз де қосыламыз.

Сахи ҚАПАР,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Қазалы ауданы

№45-46 (20719-20720) 23 наурыз, сенбі 2024 жыл

Наурыз

Фото: Аиық дерекқоздан.

Көктем жыры

Көктем келді, бақта құстар
салды ән,
Жер түледі, көрпе оранып қалғыған.
Қызыл, жасыл гүлге толып
кең далам,
Қол бұлғап тұр қыз-жігіттің алдынан.

Наурыз туды, келді баба дәстүрі,
Қариялардың еске түсті жастығы.
Қайта естілді жеңгейлердің жымия,
«Еркетай» деп еркелеткен
назды үні.

Шабандоздар көкпар шауып
тартысқан,
Арқа қозып, айқайлаймыз әр тұстан.
Құралай көз мерген атып жамбыны,
Сом білектер боз кілемде қарпысқан.

Ақбоз үйлер сап түзепті тігілген,
Жастар әні жарық шашар іңірден.
Жылды осылай қарсы алады
қазағым,
Саумал сауып, сары қымыз сімірген.

Тамсанамыз жеті түрлі дәміне,
Наурызкөже бойға қуат, дәрі ме?
Бүкіл дүние нұрланады бұл күні,
Бір өлеңнің құны жетпес бәріне!

Көктем келді, бақта құстар
салды ән,
Жер түледі, көрпе оранып қалғыған...

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

СҰХБАТ

Аймақ мәдениетінің дамуында көптеген жаңа бастамалар жүзеге асырылып, өнер саласына қолдау артып келеді. Оның бір ғана көрінісі – заманауи үлгідегі мың орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Облыстық филармония ұжымы және филармония жанынан құрылған өнер ұжымдары осы орталыққа орналасты. Олардың қатарында өткен жылы ашылған облыстық симфониялық оркестр де бар.

Бүгінде симфониялық оркестрдің шығармашылық аясы ұлғайып, гастрольдік сапарларға шыға бастады. Осы орайда оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мәдениет саласының үздігі Мүсілім Әмземен әңгімелескен едік.

ӨНЕР – ӨРКЕНИЕТ ӨЛШЕМІ

– Мүсілім Балтабайұлы, алдымен өзіңіз туралы, өнердегі бағытыңыз, шығармашылық жетістіктеріңіз туралы айтып өтсеңіз...

– Өзім – осы өңірдегі іргелі білім шаңырағы – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің түлегімін. 1995 жылы колледжді халық аспаптары бөлімінің домбыра және шекті аспаптар бөлімінің контрабас мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында оқып, осы екі мамандықты қатар алып шықтым. Сонымен бірге, осы консерваторияда оқуымды жалғастырып, 2010 жылы Опера симфония дирижер» мамандығын алдым. Ал 2014 жылы магистратурасын бітіріп, Өнертану ғылымының магистрі атандым.

2008-2014 жылдары Алматыдағы А.Жұбанов атындағы симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және дирижері болып қызмет еттім. Бұдан кейінгі жылдары Қытай, Түркия, Израиль, Ресей, Германия, Жапония сияқты шет елдерде түрлі оркестр деңгейінде тәжірибеден өттім. Осының нәтижесінде музыкалық зерттеулер бойынша бірқатар шығармашылық еңбектерім жарыққа шықты.

– Облыстық симфониялық оркестр құрылғаны аймақ өнерінің дамуындағы жаңа бір белес десек болады. Жалпы симфония оркестрін құру жөнінде идея қайдан туындады?

– Облыста «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Томирис» би ансамблі, балаларға арналған театр бар, осы өнер ұжымдарының барлығының да бағыты маған алыс емес, сондықтан бірге талай жұмыс атқардық. Осындағы камералық оркестрмен бірнеше рет концертке қатыстым. Одан бөлек, «Сыр самалы» вокалды аспаптар ансамблі де бар. Сондай бір келген сапарымда КСРО Халық артисі Р.Бағланова атындағы республикалық конкурсын өткізу барысында концерт берген едік. Осы концертте «Сыр самалы» вокалды аспаптар ансамблі мен камералық оркестрді қосып, өнер көрсеттік. Өйткені Р.Бағланованың репертуарындағы әндердің барлығы дерлік эстрада симфония оркестріне жазылған.

Концерт өз деңгейінде өтті. Сол уақытта маған «эстрада симфония оркестрін құру қажет» деген ой келді. Облыстық филармония басшысы Талғат Мақашев бастаған азаматтар да бұл ұсынысымды қолдайтынын білдірген еді. Егер симфониялық оркестр ашылған жағдайда осында көшіп келетінімді де жасырмадым. Бірақ көңілде күмән басым еді. Бұл идеямыз қолдау таба ма, жоқ па? Өйткені оған қыруар қаражат қажет.

Уақыт өте берді. Содан не керек, өткен жылы көктемде «симфониялық оркестрді ашу керек» деген хабар жетті. Сонымен облыс әкімінің қолдауымен жаңа оркестрді құруға байланысты жұмыстар басталды. Бұрынғы камералық оркестрдің базасында 20 штат бірлігі болатын, оған 30 штат бірлігін қосып, кәсіби музыканттармен толықтырып, оркестр ашылды. Дәлірек айтсақ, өткен жылдың 1 шілдесінде симфониялық оркестр толық құраммен жұмысын бастады. Алдын ала уәде еткенімдей, өзім осында көшіп келдім. Оркестр құрамына ең бірінші болып өтініш жазып, одан әрі музыканттарды тыңдаудан өткізіп, кәсіби шеберлігіне қарай ұжымға қабылдадық. Осылайша жаңа өнер ұжымы жасақталды.

– Өнер ұжымы жергілікті музыканттардан жасақталған ба, әлде сырттан да мамандар шақырылды ма? Сонымен бірге, аспаптар, концерттік киімдер жағы жеткілікті ме? Концерттік залы қандай?

– Оркестр құрамында негізінен жергілікті музыканттар, оның ішінде осы Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің мамандары. Бірі мұғалім, бірі шәкірт осы оркестрде

өнер көрсетеді. Сондай-ақ басқа жұмыс орнынан келген музыканттар да бар, бірақ олар да осы оқу орнының түлектері. Тіпті қазіргі оркестр құрамында музыкаға жаны құштар, аспапта шебер ойнай алатын мектеп оқушылары да бар.

Көркем әрі сапалы концерттік киімдер алынды. Сонымен қатар еуропалық бренд қатарындағы ең танымал аспаптар сатып алынды. Олардың бағасы да өте жоғары. Қазір де жетіспейтін аспаптар бар. Соның бірі «валторна» деп аталады. Негізі, оркестрде төрт валторна болуы керек, бізде әзірге біреу, қалғанының орнына саксофонистер ойнайды. Сондай-ақ шекті аспаптардан әлі де скрипкалар қажет. Бірақ бұл мәселе бірте-бірте шешіледі. Уақыт өте келе жан-жақтан музыканттар да ағылып келуі мүмкін. Ол кезде музыканттарды кәсіби шеберлігіне қарай сұрыптап, ұжымды қайта жасақтайтын боламыз. Ал қазір біз үшін ең бастысы – музыка өнеріне шын берілген шығармашылық ұжымның еңбегін барынша насихаттау.

Өздеріңіз білесіздер, облыстық филармония жақында ашылған «Өнер орталығына» орналасты. Сонымен қатар, басқа да өнер саласына қарасты ұжымдар осы орталыққа шоғырланды. Оның ішінде филармония жанындағы екі оркестр де бар. Концерт залы жаңа үлгідегі талаптарға сай жабдықталған. Керемет зал.

– Оркестр құрылғалы қанша концерт берді? Солистер кімдер? Жалпы классикалық музыка өнерін көрермендер қалай қабылдады?

– Симфониялық оркестр құрылғалы 5 рет концерт бердік. Алғашқы рет 2023 жылдың қыркүйек айында концерт берсек, одан кейін Астанада өткен Қызылорда облысының күндерінде Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрімен бірге өнер көрсеттік. Сонымен қатар, Сыр өңірінен шыққан талантты музыкант Т.Әбдірашевтің 75 жылдығына орай концерт берсек, қаңтар айында «Симфония сазы» деп аталатын үлкен концерт өтті. Жақында, өздеріңіз білесіздер, «Өнер орталығының» ашылуындағы салтанатты жиында халық алдына шықтық.

«Өнер орталығының» ашылуына танымал өнер қайраткерлері келіп қатысты. Олардың бәрі концертке жоғары баға беріп жатыр. Әрине, бұл – көңілге қуаныш. Десек те, біздің өз алдымызға қойған шығармашылық биігіміз бар. Соған жеткенше шеберлігімізді шыңдап, өнерімізді одан әрі дамыта береміз.

Солистерге келсек, жеке солистер бар, сосын академиялық ән салу деген бар. Жалпы ән салу өнерінен Сыр өңірі әншілері өте талантты әрі кәсіби деңгейі жоғары. Олар осы бүгінгі Қазанғап атындағы музыка колледжінде вокал өнері бойынша білім алған мамандар. Айта кетейік, республика көлемінде «Қызылорда вокал мектебі» деген дара көзқарас қалыптасқан. Бұл – Инаят Жарылқанов, Қаракөз Ақдәулетова, Феруза Арғынбаева сияқты мықты музыка мамандарының еңбегі екенін атап өтуіміз керек.

Өзіңіз білесіз, Сыр өңірінде дәстүрлі өнер кең қанат жайған. Сонымен қатар, аймақ жұрты да өнерге жақын, өзіндік талғамы қалыптасқан деп айта аламыз. Осы тұрғыда көрермен қауым симфониялық оркестрдің өнерін де өте жылы қабылдап, ерекше қошемет білдірді.

– Өзіңіз айтып отырған жетіспейтін музыканттарды, аспапта ойнаушыларды осы музыкалық колледж базасында дайындауға мүмкіндік бар ма?

– Иә, әрине. Қазірдің өзінде облыстық филармония жанындағы Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрінде, кешегі құрылған симфониялық оркестрде өнер көрсетіп жүрген жастар осы колледждің студенттері. Олар оқу орнында арнайы білім алса, оркестрлерде өнер көрсете жүріп, шеберлігін шыңдайды, тәжірибе жинақтайды. Симфониялық оркестр құрамындағылар алдымен үрлемелі аспаптар оркестрі, одан соң камералық оркестрде тәжірибеден өтеді. Қарап отырсақ, бұл біздің студенттеріміз үшін үлкен мүмкіндік. Мысалы, ертеңгі күні олар колледжді бітіріп, жоғары білім алуға Алматы, Астана қалаларына барғанда, кез келген оркестр құрамында еркін өнер көрсете алады.

Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледждің бүгінгі басшысы және симфониялық оркестрдің көркемдік жетекшісі ретінде оқыту мен тәжірибені тең ұстап отыру менің міндетім. Осы орайда колледждің сабақ кестесі оқытушылар мен білім алушылардың уақытына қарай үйлестіріліп жасалған. Қазір колледжде 200-дей маман болса, оның 180-і оқытушылар.

– Халық аспаптар оркестрі мен симфониялық оркестрдің бірлесіп өнер көрсетуі бұрын-соңды тәжірибеде бар ма?

– Негізінде, екі оркестрдің бағыты екі бөлек. Репертуар және аспаптар бойынша да үлкен айырмашылығы бар. Дегенмен бірге өнер көрсетуді осыдан оншақты жыл бұрын тәжірибемізге енгізген едік. Оның бір себебі, үлкен масштабта, яғни, ауқымы жоғары ұжыммен музыканың да екпінін, деңгейін көтеріп, көрерменге көңіл-күй сыйлау болатын. Расында, бір музыкалық шығарманы екі түрлі оркестрдің орындауында тыңдаудың өзіндік әсері бар. Ең бастысы, өнеріміз көрермен көңілінен шықты. Бұл – біз үшін зор қуаныш.

– Музыкалық колледжге жаңа ғимарат салынады деп жоспарланып отыр. Осы жөнінде айтып өтсеңіз...

– Иә, облыс әкімдігі «Саутс-Ойл» компаниясымен меморандумға отырып, қаланың сол жағалауынан жаңа ғимарат салуға келісім жасалды. Жақында құрылыстың іргетасы қаланады деп жоспарланып отыр. Осы орайда аймақ мәдениетінің дамуында айрықша орны бар, іргелі өнер шаңырағына жаңа ғимарат салынуына қолдау танытқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа алғысымызды білдіреміз.

Жалпы осы кезеңде біздің өңірде мәдениет пен өнерге, руханиятқа ерекше жағдай жасалып отыр. Соған сай өнер ұжымдары да тынымсыз ізденіспен еңбек етіп, халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсете білуі қажет деп ойлаймын. Қазірдің өзінде біз жаңа концерттік бағдарлама бойынша үлкен дайындық үстіндеміз. Қай кезде де өнердің байрағын биік ұстап, көрермен талғамына сай шынайы әрі сапалы дүниені ұсына білуіміз керек.

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

№45-46 (20719-20720) 23 наурыз, сенбі 2024 жыл

Жүрекке жүк жиғандай қазынасы

Әскербек Рахымбекұлы ислам дінінің діңгегіне ой байлаған атақты Құлболды ишан, қазаққа білім таратудың бір жолы деп он тоғыз баласының он үшін Ресей қалаларына оқуға берген Мұңайтпас болыс, КСРО Халық әртісі Сәбира Майқанова секілді ірі тұлғалар туған «Қоғалыкөл» топырағында дүниеге келген.

Сыр мәдениеті мен әдебиетіне еңбегі сіңген қайраткер, қара өлеңді ұшырып қондырған қуатты ақын. Қолына қалам ұстаған талай талапкердің ұстазы болған ұлағат иесі еді. Қырық жыл облыстық «Сыр бойы» газетінің редакциясында қызмет етіп, оның алты жылында газеттің бас редакторы болған.

Біз бүгін «Сыр бойының» 95 жылдығы аясында Әскербек Рахымбекұлының ұлы Серік Рахымбековтің естелігін жариялап отырмыз.

Біз бір отбасында екі ұл, екі қыз өстік. Менің кішкентайымнан көргенім біздің үйге ақын-жазушылар көп келетін. Кезек-кезек өлең оқиды, «қараша үйдің түндігін желпілдетіп» дегендей, үй іші думан болып жатады. Солардың ішінен әкеммен өте етене жақын болған – Иран-Ғайып, Асқар Кіребаев, Әділхан Бәйменов, Тынымбай Нұрмағанбетов, Айжарық Сәдібекұлы секілді кісілерді мектепте оқып жүргеннен жақсы танитынмын.

Мектепте демекші, бесінші оқып жүргенімде тентектік жасап, мені оқудан шығаратын болды да, әкемнің інісі Жұмабек «Қоғалыкөлге» алып кетті. Ауылдың бұл тарихи атауы кейін қайтарылды ғой, ол кезде Жамбыл совхозы болатын. Ауылда Рахымбек атам тұрады. Мен атамның баласы болып өскенмін. Сондықтан ерке, еркін, тентекпін. Сөйтіп, ақыры атамның қолына ораладым да, мектепті ауылда бітірдім.

Атам бардағы сөз бөлек, атам жоқта да сол кісінің аруағын сыйлағаны шығар, әкем мені балам деп маңдайымнан иіскемейтін. Өзінің әкелік махаббатын «Екі перзент бар менде: бірі – балам, екіншісі – өлеңім әлдилеген» деген секілді жыр жолдарымен ғана жеткізді десем, дұрыс болар.

Негізі папамыздың тәрбиесі қатты, бірақ, кемпір-шалдың ұлы есебінде мен ол қатаң тезге түскен жоқпын.

Бұлай деуім де артық шығар, ақиқатында ол кісінің адами мінезі өте жайлы. Менің білуімше, ақындардың қаттылығы мен жұмсақтығы секілді даналығы мен балалығы қатар тұратын сияқты. Әйтпесе ақын жүректі шым еткізетін сөзді айта алар ма еді?

Мектеп бітірген соң Жамбыл қаласында құрылыс-гидромелиоративтік институтында оқыдым. Бір жылдан соң әскерге кеттім. Қайтып келіп, оқуымды Қызылордаға ауыстырып алдым. Сол екі ортада облыстық театрда декоратор, сахна әрлеушісі болып жұмыс істегенім де бар.

Сөйтіп, өмір өтіп жатты. Папамның өз ортасында беделі биік болды. Алматы партия мектебінің журналистика бөлімінде оқыды. Өлеңдері бәйге алып, композиторлар ән жазып, дүрілдеп тұрды. Облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып та қызмет етті.

Мен бірақ әке беделін пайдаланған емеспін. Қызметте көтерілуді, тыныш әрі пайдалы жұмыс істеуді ойламадым. Адал еңбектен артық не бар?! Балалық дәуірде қанша тентек болып өссем де, атамның тәрбиесін көргенмін. Сол әулие болмыстың жақсы қасиеттерін бойыма сіңіруге тырысқанмын.

Әкем мені айналып-толғанбағанының есесіне немересі Нұрғисаны өте жақсы көрді. «Композиторым» деп маңдайынан құшырлана иіскеуші еді.

Расында, әкем өнерге, өлеңге берілген жан. Алайда әріптестері секілді шалқытып кеш жасап, ат мініп, атақ алған жоқ. Кішкентай кітапханаларда кездесу өткізе беретін. Зал толы халықты керек қылмайды, өлеңді тыңдай алатын он адам болса, сол да жетеді.

Шәкірттерінің, өнердегі ықпалды кісілердің қозғауымен жетпіс жасын атап өтті. Өмірінде жасаған шығармашылық кеші осы болды. Сол кезде де ол кісінің жарқыраған адам, арқыраған ақын екені тағы бір танылды.

Сонау тоқсаныншы жылдар қиын кез еді ғой. Нарық заманды күрт өзгертті. Бұрынғы адамдар басқа болып кетті. Алайда біздің әкеміз нарық заңына да иілмеді. Жаратқанның кеудесіне салып берген қазынасы – өлеңіне адал болды. Дүние жиып, байып кетемін десе де орайын оңынан келтіретін мүмкіндігі болмады дей алмаймын. Бірақ ол кісі бірінші орынға рухани байлықты шығарды. Осындай сөз, яғни, «рухани байлықты бірінші кезекке қоя білуіміз керек» деген «ақыл-нақылдар» талай айтылғанмен, оның адам бойында көрініс табуы сирек. Кімді болса да тұрмыс билейді. Ал біздің әкеміз сол қасиетті бойтұмар қылып таққан адам болды.

Кешегі өткен жұқпалы індет нәубеті талай жанды күтпеген жерден ысырат сапарының жолына салып әкете берді ғой.

Әкемізбен де сол кездері бақұлдасып қалдық. Аздап аяғының ауырып жүргені болмаса денсаулығы сыр бермеген болатын.

Шілде айы, карантиннің күннен де ыстық болып тұрған мезгілі. Соған қарамастан қанша адам келіп, армасын айтып жатыр. «Ақын қазасы отбасына ғана емес, Сыр еліне де ауыр қайғы болды» деп жазды, газеттер. Мұны да әкемнің дарынды ақын, дара азамат болғанының бір көрінісі деп білемін.

Жалпы мен журналист емеспін, әкемнің өмірбойы атқарған қызметі туралы немесе қоғамшылдығы, адами қасиеттері туралы жеткізе айта алмайтыным да түсінікті.

Әкеміздің қайтыс болғанына бір жыл толған соң ас беріп, естелік кітап бастырып шығардық.

Енді осы кітаптағы әріптестерінің жазғанынан үзінді келтірейін. Сол кісілер менің жеткізе алмағанымды тап басып айтады.

Бала кезінен бергі досы Шермағанбетов Зинабдин аға әкемнің жұртқа белгісіз бір қырын ашып, былай депті.

«Ақындардың көбісі өлеңдерін жатқа оқи бермейді. Ал Әскербек ақын өлеңдерін де, дастандарын да, бірінен кейін бірін жатқа оқиды. Өлеңдерінің нағыз жүрегінен шыққан перзенті, аялайтын жан дүниесі екендігіне көзің жетеді.

Біздің факультет-курстың екінші қосымша мамандығы ән-музыка мұғалімі болатын-ды. Осы салада бізге сабақ берген, 1-курстан нота танытып, көзімізді ашқан, домбыра тартып, хор-ән айтуға үйреткен Тәнірберген Қалауов ағайымыздың орны бөлек еді.

Әсіресе, төрт дауыспен хор айтудан біздің курс студенттері көп жетістікке жетті. Осы хормен, домбыра оркестрімен біз, екеуінде де Әсекең бар, сол 1963 жылы Шымкентте өлкелік, Алматыда республикалық фестивальға қатысып, лауреат атандық.

Осы кездері ұлы сазгер Нұрғисаның алдында Әсекеңнің халық әні «Ақбақайды» айтып, жоғары баға алғаны естен кетпейді...»

Ал көп жыл «Сыр бойы» газетінде, өмірде қатар жүрген әріптес інісі Жолдасбек Ақсақалов әкемнің қызметтегі болмысына сөз арнапты:

«90-шы жылдары газеттің қалай шыққанын елдің бәрі біле бермейді. Газет шығару қаржы тапшылығынан қиындыққа ұшырады. Аптасына екі рет шығатын болды. Кеңес әлемімен бірге ескі көзқарас келмеске кетті. Әрине, ескі ойлау жүйесінің бірден жоғалуы мүмкін емес. Биліктегі сияқты оның басты идеологы – газеттің сипатын ә дегеннен басқа арнаға бұру қайдан оңайға соқсын. Қарсыласу бар, оның үстіне нарық халық тұрмысын аздырып жіберді. Экономиканың жаңа заңдылықтары іске қосылды, жекешелендіру қарқынды жүргізілді.

Әсекең обалына не керек, сыннан тартынбады. Бұрынғыдан гөрі біз барынша батылданып, тіпті облыстық атқару комитеті орынбасарының, қалалық әкімшілік басшысының қызметін газет бетінде назарға ала бастадық. Әсекеңнің бойындағы бір жақсы қасиет, ол әлдекімдердей «осының арты қайда апарып соқтырар екен, кейін маған зияны тиіп кетуі мүмкін ғой» деген сияқты сақтықтан бойын аулақ ұстады...

Әсекең бас редактор ретінде тілшінің жазған мақаласын жөндеп, күзеп, артық қимылға бармайтын. Бұл қызметкерлерге де ұнаушы еді. Егер де қорғайтын редакторың болса, сен де батыл қимылдайсың.

Адамның мінезін оның ақылының, ойының, пайым-парасатының көрінісі деуге болады. Адамға мінез керек, әсіресе басшыға, қарамағындағыларды тыңдататын, бағындыратын, ұйымдастыратын мінез әлбетте, қажет. Мінезсіз адам азу тісі жоқ арыстан секілді. Әсекең ұрда-жық мінездің адамы емес, редакцияны өзіне тән байсалдылықпен басқарды. Адамгершілік қасиеті жоғары болған соң басшыны барлығы сыйлады...»

Қазақстанның Құрметті журналисі, атақты фотошежіреші Болат Омарәлиев әкемнің жан әлеміне ой көзін жібереді:

«...Кезінде Қалтай ағамыздан:

– Қал-аға, жас кезіңізде өлең жаздыңыз ба? – деп сұрапты бір әріптесі. Сонда ол кісі:

– Егер мен өлең жазсам, поэзия төрт қабырғадан тұратын болса, онда соның бір қабырғасын құлатар едім, – депті. Демек, ол кісі өлең киесінен қорыққан. Сол секілді Әсекең жазғанда кейбіреу секілді жағымпазданып, шенділерді шектен шыға мақтаған жоқ. Оның өлең шыңына көтерілгені, Сәбираның бар кезі. Қалай Сәбира қайтты, қайғы-мұңын ақтарып, жоқтау өлеңдерін көп жазды. Оның үстіне өте жақын достары бірінен соң бірі кетті – Нұрпейіс Байғараев, Дархан Сапаров, Сақтаған Есмаханов, Әділхан Бәйменов, Асқар Кіребаев, Құттыбай Сыдықов, Өтеген Жаппархан... Міне, осылардың әрбіріне естеліктер мен арнау өлеңдер жазды, қайғысын жүрегімен қабылдады. Бәрінен жанына қатты батқаны – қарашаңырақ иесі, інісі Жұмабектің қазасы. Осылардан кейін Әсекең тұйық өмір кешті...»

Ардагер-журналист Мұхамеджан Нұрхан әкемнің ақындығының сырына бойлайды:

«Ақынның «Тұлпар туралы дастаны» – кең тынысты, эпикалық шығарма. Мұнда Ілияс, Абай дәстүрлерін ұстану бар. Бұл – өз дәуірінің озық шығармаларының бірі.

Рахымбекұлының эпиктігі бірінен бірі озып тұр. Осы екі жанрда да өндіре жазды. Поэзияның жаны лирика десек, бұл ретте ақын тағы да оқшау көзге түседі. Ақынның «Іниме» деген өлеңі:

Бауырым-ай,
Қатпаған бұғанасы.
Ағаттық көп ағаңда,
Сынамашы.
Шаңырағын әкенің арқаладың,
Тәлтіректеп келесің,
Құламашы...

Әсекеңнің «Түйе» атты өлеңі әр кезде менің балалық шағымды еске түсіруші еді. Бес-алты жастағы кезімде бәсіре ақ ботам Тәжік өзеніне суға кеткен болатын. Сол оқиға әлі күнге жаныма батады.

Тоналдың ақыр
Ал, енді үйдің ығына,
Ауыр ғой бұған көктемнің
салқын шығы да.
Тап-тақыр қылып терісін ғана
қалдырдың,
Жазығы бар ма,
Жазығы жуастығы ма?

Мұнда астарлы философиялық ой бар. Ой түйінін шешуді оқырманның өзіне қалдырған, автор.

Кешегі советтік дәуірде өз байлығымызға өзіміз ие бола алмадық. Сонда да үндемедік, іштен тындық. Жүнделген түйе сияқты болдық...»

«Тұлпар тұрпатты тұлға» аталатын кітаптың жинақталуына, басылуына айрықша атсалысқан ағамыз Қабдеш Шағыровтың естелігі бәріміздің жүрек сағынышымыз:

«...Әңгіме үстінде барынша жайдарыланып, әншейіндегі тұйық мінезіңіз ашылып, жан-жағыңызға мейір төгіп отыратыныңыз бар еді-ау. Сонан соң қарындасыңыздың қолқалауымен қолыңызға домбыра алып, қоңыр дауыспен үй ішіндегілерді ұйытып ән салатынсыз. Екі-үш әнді қайырып болып, өлеңдеріңізді бірінен соң бірін жатқа оқитынсыз. Туған ауылдың кеңпейіл дарқандығына, өзіңізге деген ықыласына, бауырларыңыздың сүйіспеншілігіне іштей бір маркайып қайтатын едіңіз-ау, Әсеке-ай!

Осы күні ақынның жолы ауыр болатынын тағы да бір түсінгендеймін. Көрген ауыртпалықтан ердің белі қайысардай өміріңізді өлеңмен жазып кетіпсіз, ақын аға.

«Шалымыздың шайқалды
шаңырағы,
Шаңыраққа қарап шал қамығады.
Түндігін жел желпіген ақ үй еді,
Қара кемпір кеткен соң қаңырады.
Қаңырады ақбоз үй, қаңырады,
Шилерінен шілдеде шаң ұрады.
Бозінгеннің ботасы белдеудегі,
Бебеулейді, бейшара шағынады»,

– деп өлеңмен гөй-гөйге салыпсыз, анаңыз елу жастан аса бере бақилық болғанда. Осы өлеңді оқығанда енесі өлген ботадай боздап қалған бауырларыңызды басынан сипап, жұбатып тұрғаныңыз көз алдыма келеді...»

Осындай еді, ол кісі. Мен әкемнің елге, өнерге, поэзияға еңбек сіңіріп, халыққа рухани қазына қалдырып кеткен өлмес ісін мақтан етемін және өмірімді асыл жанның ерекше, дара адами сипатын ұрпағының бойына дарытуға арнаймын.

Серік РАХЫМБЕКОВ

Сатириктің бір сәті

...Сонан бері қырық екі жыл уақыт өтіпті. Ол – Сексеуіл кенті ардагерлер алқасының осы күнгі төрағасы Бақытжан Жолмырзаевтың орда бұзар отыз жастың табалдырығынан аттаған шағы. Кенттегі АТС-тың цех басшысы кезекті еңбек демалысын Қызылорда қаласындағы бұрынғы «Коммунальник» шипажайында өткізеді. Осы демалыс үйінде ол қазақтың белгілі сатирик ақыны, атақты Асқар Тоқмағамбетовпен кездеседі. Осында он күн демалған Асекең мен сексеуілдік Бақытжан екеуінің бұл суреті ұмытылмастай естелік болып қалды. Бүгінде Бақытжан бұл құнды суретті көзінің қарашығындай сақтап отыр.

Суретте: *Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, сатира сардары Асқар Тоқмағамбетов пен Сексеуіл кентінің тұрғыны Бақытжан Жолмырзаев (оң жақта).*

Сурет 1982 жылы түсірілген.

Т.НҰРЖАН-БАЛТА.

ТҰСАУКЕСЕР

Белгілі заңгер, соғыс және құқық қорғау саласының ардагері Сәдуақас Қарамановтың 100 жас мерейтойына орай «Алдаспан» және «Өнегелі өмір» атты қос кітап жарыққа шықты. Кітаптың тұсаукесер рәсімі Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өтіп, оған тұлғаның туыстары мен замандас достары қатысты.

«АЛДАСПАН»:

Заң мен заман тоғысы

Жарық көрген қос кітаптың құрылымы бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, «Алдаспан» – жазушы Алдажар Әбіловтің төл туындысы. Онда Сәдуақас Қарамановтың өмір жолы әдеби нұсқада көркем жеткізілген. Ал «Өнегелі өмір» кітабында ресми құжаттар топтастырылыпты. Мұнда тұлғаның адами және кәсіби қырын ашуға талпыныс жасалып, аймақтағы құқық қорғау саласының тарихи кезеңдері айшықталған.

– Көркем бейнені ашу үшін түрлі дереккөзді қарадым. Әсіресе, кейіпкер қызмет істеген прокуратура саласындағы мұрағатқа ерекше назар аударылды. Мұндағы қоғам мен адам арасындағы байланыс, мамандықтың мән-маңызын тұлға өмірімен сабақтастыра бейнелей білдік. Кітаптағы адами қасиет, адалдық жолы туралы ұғымдар болашақ заңгерлерге бағдар болары сөзсіз, – деді Алдажар Әбдіресұллеұлы.

Айта кетейік, Алдажар Әбіловтің «Алдаспан» атты деректі туындысы «Есею жылдары», «Майдан даласында», «Қармақшыда», «Соғыстан соң», «Сағынышты ғұмыр» атты бөлімнен тұрады. Мұнда Сәдуақас Қараманов пен жары Қатира Оспанқызының өмірі мен еңбек жолы көркем дәріптеліп, тәрбиелік мәні зор туындыға айналған.

– Сәдуақас ағам құқық қорғау саласында, кейін адвокат қызметінде жұмыс істеді. Ол кісі сот жүйесіндегі әділдікті орнату жолында еңбек еткені анық. Бұл еңбекте осы мәселе ашып көрсетіліп, қоғамға ой саларлық туындыға айналады деген сенім зор, – деді қоғам қайраткері Сайлаубай Әбішев.

Ал Алдажар Әбілов пен Минсара Сәдуақасқызы құрастырған «Өнегелі өмір» атты кітап төрт тарауды біріктірген. Еңбекке мұрағат құжаттар, фотосуреттер, естеліктер, БАҚ және кітаптарда жарияланған мақалалар топтастырылған. Бұл еңбектер әулет шежіресі ғана емес, ел тарихы мен аймаққа қатысты құнды деректерге толы.

«СБ» ақпарат

ЗЕРЕК

Өткен жылдан бері «Bastime Quiz» интеллектуалды ойыны өткізіліп келеді. Қызылордалықтарды бір сәтте еліктіре кеткен куиз ойындарының түпкі мақсаты – адамдардың ойлау қабілетін дамыту және жастар арасындағы байланысты нығайта отырып, бос уақытты пайдалы ұйымдастыру.

ОЙ ЖАРЫСТЫРҒАН ЖАСТАР

Айта кетейік, куиз – интеллектуалды ойын-сауық ойынының бір түрі. Ойын ретінде шамамен 1975 жылдары танымал бола бастаған. Ағылшын тіліндегі «quiz» сөзі «викторина», «сауалнама» деп аударылады. Қатысушылар топ болып бірігіп, сұрақтарға тапқырлықпен дұрыс әрі аз уақыттың ішінде жауап беруден бөлек, логикасымен де сыналады. Жарыстың орташа ұзақтығы – 2-2,5 сағат. Еуропада зияткерлік ойын өткен ғасырда қанатын кеңге жайса, көршілес Ресейде 2010 жылдың ортасында ғана аудитория жинаған. Ал елімізде, оның ішінде, Сыр өңірінде де кейінгі жылдары сұраныска ие болуда.

– Жобаны былтыр бастағанбыз. Қызығушылар мен қатысушылар апта сайын ұйымдастыруды сұрап жатады. Шамамызға қарай, сұраныска сай қазіргі таңда айына 2 рет өткізіліп жүр. Жалпы саны 30 шақты команда тіркелген. Әрине, бір ойынға барлығы бірдей қатыспайды. Командалар бос уақытына, бірігуіне қарай келеді. Әр ойында әртүрлі. Мәселен, кешегі ойынға 7 команда қатысты. Әр екі апта сайын өтетін ойынды, уақыты мен өтетін жерін әлеуметтік желілерде жариялап отырамыз. Қызыққандар қатысу жарнасын төлеп, тіркеле береді. Басқа куиз ойындарынан басты айырмашылығы – қазақ тілінде өткізілуі.

Алдағы уақытта куиз ойындарын әр ауданда жеке ұйымдастыру жоспарда бар, яғни, аудан тарихы, тұлғаларға қатысты сұрақтарды құрастыра отырып, жергілікті жерді қамтып отырсақ дейміз. Қаладағы ойынның ұйымдастырылуы, сұрақтары Астана қаласынан франшиза ретінде сатып алынады. Біз сияқты франшиза арқылы Ақтау, Атырау, Шымкент, басқа да қалаларда ашылып, ұйымдастырылуда. Әлі де «Bastime» жайлы естімей жүрген қызылордалық зияткерлер көп. Коммерциялық жоба болмағандықтан, демеушіміз жоқ. Жарнапұлға әр қатысушы 2000 теңге төлейді. Қаржыны солай жинақтау арқылы куиз жеңімпаздарына, командаларға ақшалай, кейде басқа да сыйлықтар беріледі, – дейді «Bastime Quiz» ұйымдастырушысы, журналист Самат Баймаханов.

Қазақ тілді ортаның басын бір жерге шоғырландыру, жастардың танымкөкжиегін кеңейту, мақсаты ортақ, зияткер жаңа достар табу мүмкіндігін арттыру – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мен қазақша контентті дамыту жолындағы үлкен жұмыс. «Ұйымдастырушы ретінде куиз ойындарына тіл жанашырларының, профессор, ғалымдар, қаржылай қолдаймын деген кәсіпкерлердің атсалысуы – тіл тағдырына бейжай қарамайтын қоғамды қалыптастырудың, қазақ тіліне деген құрметті арттырудың алғышарты. Сондықтан қолдаушылардың да маңызы зор. Бір жыл бұрын 5-6 командамен басталған ойынның аудиториясы кеңейді. Бұл – қазақ тілін жан жақты қолдайтын зияткерлердің шоғырланып жатқанының көрінісі. Әсіресе, бір ойынға команда алып келіп, қарсыластарының мықтылығын, ойының өресін көрген соң, келесі ойынға білімді, логикасы дамыған зияткер таныстарын шақырып, жеңілмеу үшін жаңа құрам жасап жатады. Бой емес, ой жарыстырып жатқан жастардың, қызылордалықтардың көптігіне қуанамын» дейді ол.

GRILL мейрамханасында еркін форматта ұйымдастырылған кезекті ойынға 7 белсенді команда қатысып, өзара бақ сынасты. Тартысты бәсекеге тәжірибелі командалармен қатар жаңадан құрылғандары да төбе көрсетті. Капитандар сайысында «Quiz Orda» жүлделі II орынды иемденсе, «Хьюстон» командасы III орынға жайғасты. Ал мыңды жығып, I орынға лайық деп танылған «Мансап» және «Касиро» командаларының капитандары қайырымдылық концертке шақырту алды. Жалпы ойын нәтижесі бойынша үштікті «Хьюстон» қорытындыласа, II орынды «Мансап» иемденді. Ал басты орын «Old School» зияткерлеріне бұйырды. Айта кетейік, зияткерлермен келесі кездесу 27 наурыз күні өтеді.

Куиз – адамдарға өзін, командасын дәлелдейтін, мықты екенін мойындататын орта. Кейбір қатысушылар, тіпті, апта бойы жиналып қалған негативті эмоциясын шығарып алатынын да жасырмайды. Миға қорек болатын, қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне күш беретін мұндай ойындардың құнынан құндылығы жоғары екені анық.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

КЕШ

«ЖЫРЛАРЫМ – ЖҮРЕГІМНІҢ ЖЫЛНАМАСЫ»

Көрнекті ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Түркси Жазушылар одағының төрағасы, Ұлықбек Есдәулет 70 жаста.

Ақын мерейтойына орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бірінші ғимаратында 1-2-курс студенттерінің қатысуымен «Жырларым – жүрегімнің жылнамасы» атты поэзия кеші өтті. Әдеби-музыкалық кешті қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №20 кітапхана және университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасы ұйымдастырды.

Кешке ақын, тележурналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Ғазиза Әбілда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Гуманитарлық-педагогикалық институтының» директоры Сағат Тайман, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының меңгерушісі Әсия Алмауытова қатысты.

Поэзия кешінде студенттер ақын өлеңдерін балалық шағынан бастап төрт кезеңге бөліп, әр тақырыпқа сай сахналық көрініспен бейнелей, жатқа оқыды. Айталық, «Қамкөңіл балалық шақ», «Мен тағы ғашық болдым», «Өзім туған табиғаттың қойнында», «Еркіндіктің есігінен еркін кір» тақырыптары өз мәнінде ашылып, оқырман ойынан шықты. Сондай-ақ студенттер ақын сөзіне жазылған «Көздеріңе ғашықпын», «Перизат», «Заман-ай» сияқты әндерді орындап, тыңдаушыларды тәнті етті.

Сыр елінің талантты жас ақындары, осы оқу орнының түлегі Аружан Оралбай, Бексұлтан Санақұл өз өлеңдерін оқыды. Поэзия кешінде ақын Ұлықбек Есдәулеттің өмір жолы, өлеңдері кеңінен насихатталып, видеослайд арқылы көрсетілді, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Өмір жолына зер салсақ, Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) журналистика факультетін және Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курстардың поэзия бөлімін бітірген. ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде, журналистика саласында қызмет атқарған. Қазақстан Жазушылар одағын басқарған.

Ақын 1970 жылдары жарыққа шыққан «Қанат қақты», «Жұлдыз жарығы» кітаптарынан бастап «Алтын тамыр», «Киіз кітап», «Ел мен жер жырлары» сияқты көптомдық шығармалар жинағының авторы. Шығармалары орыс, қырғыз, түрік, украин, болғар, ағылшын, үнді және қытай тілдеріндегі жинақтарда жарық көрген. Сондай-ақ Ұлықбек Есдәулет аудармашы ретінде А.Блоктың, Н.Рубцовтың, О.Рифаттың, А.Рысқұловтың, Б.Шинкубтың, П.Мовчанның, С.Муккерджидің және басқа да алыс-жақын шетелдегі ақындар шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Поэзия кешінің қорытынды сәтінде Қаршыға Есімсейітова және Ғазиза Әбілда қазақтың көрнекті ақыны Ұлықбек Есдәулеттің шығармашылығынан өлең оқып, кештен алған әсерін бөлісті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Адамның көзқарасы мен дүниетанымы, қоғамдық құндылықтар заманына қарай өзгеріске ұшырап отыратынын ескерсек, сол құндылықтарды құлдыратпайтын құдіретті қару – бабалар еңбегіне бас ие отырып, өткеннің өрнегін бүгінге жалғау.

Еңбекпен есейген ер

Бала кезінен еңбекпен есейіп, бүкіл өмірінің басты құндылығы ретінде тек еңбекке жүгініп, еңбегіне қарай құрметке бөленген ел ағасының бірі – Рысбек Тобылов. Биыл 63 жасты еңсерген кейіпкеріміз Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінде дүниеге келген. 1978-1981 жылдары Қызылорда политехникумын «Ауыл шаруашылығын электрлендіру» бөліміне қарасты техник-электрик мамандығы бойынша тәмамдаған. Жоғары оқу орнынан соң Мәскеу қаласында әскери борышын өтеген. Еңбек жолын 1983-1984 жылдары Шиелі ауданаралық «Сельхозэнерго» мекемесінде V разрядты электромонтер қызметінде бастаған Рысбек Садықұлы кейіннен Сырдария аудандық МРП «Сельхозэнерго», АО «Агропромэнерго», «Сельхозэнерго» мекемелерінде инженер, цех меңгерушісі қызметтерін атқарды. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген ұлағатты сөзді ұстанымына айналдырған кейіпкеріміз еңбек жолында қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан. Мәселен, Сырдария аудандық «РАПО» бірлестігінің комсомол жастар комитеті ұйымының мүшесі, аудандық халықтық бақылау комитетінің штаттан тыс өкілі, кәсіподақ комитетінің төрағасы ретінде қоғамға белсенді қызмет жасады.

– Ол кезде аудан жұмысы кішігірім совхоздардың даму деңгейіне байланысты. Сырдария ауданында күріш жинау науқаны барысында тазалау агрегаттарының үздіксіз жұмыс істеуіне, үш ауысымда мамандардың кезекпен қызмет атқаруына, науқанға қажетті электроматериалдармен халықтың қамтамасыз етілуіне жауапты болдым. Е.Әуелбеков партия комитетінің басшысы болған жылдары еңбек тәртібінің сақталуына, жұмыс өнімділігін арттыру мен анонимдік арыздарды қадағалау шаралары бойынша бақылау тобы комиссиясының құрамында болып, рейдтерге қатыстым. Заманына қарай адамы. Алайда сол кезеңнің әрбір қазағы – еңбек адамы болды. Қазір еңбек адамдарын елеп, ерекшелеп жатамызғой. Әрине, еткен еңбектің ақталғанына не жетсін? «Алтын алма, алғыс ал» деген әке сөзін ұран еткен елміз. Қарапайым халықтың ықыласына бөленіп, алғысын алған әр күніме ризамын, – дейді ол.

Рысбек Садықұлы жары Шолпан Жунайтқызымен бірге тәрбиелі ұрпақ өсірді. Марина, Фарида есімді қыздары мен ұлы Әлиасқардан Нұрдәулет, Бақдәулет, Алина сынды немерелерінің қызығын көріп отыр.

Жігітке жеті өнер де аз дегендей Р.Тобылов шығармашылықпен де айналысады. «Қарлығаштың ерлігі», «Бүлікшіл қарға», «Білек бірді жығар», «Аралдардың айласы», «Шыны шәйнек» сынды өлеңдерінде шынайы өмірдің бейнесі көрініс тапқан. Айта кетейік, қалам ұстаған азаматтың «Сағынышты жылдар», «Ұрпаққа аманат», «Зымыраған уақыт» сынды прозалық, поэзиялық кітаптары жарық көрген.

Ауылдасы Орынбасар Төлепов «Рысбекті сонау тәуелсіздік жылдарынан бері танимын. Кеңес үкіметі тарап, мекемелердің кезекпен жабылып жатқан кезі. «Жаңажол» колхозының инженер электригі қызметін атқаратын едім. «Түсі жылыдан түңілме» дейді қазақ. Бірден тіл табыса кеттік.

Білікті маман, мықты кәсіпкер, адал азамат ретінде құрметтеймін. Кәсіпті жасайтындар өздерінің материалдық жағдайын жақсарту мақсатында іске асырады деп жатады. Алайда мен оған келіспеймін. Бір ғана кәсіпкер қаншама адамды жұмыспен қамтиды. Ал әр жұмыскердің артында бір отбасы күн көріп отырғаны жасырын емес» дейді. Бұл еңбек адамы, руханият жанашыры Рысбек Садықұлына деген құрмет деп қабылдадық.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

Екі айда 40 млн теңге алимент өндірді

Облыс прокуратурасы биыл алимент өндіру бойынша бірқатар жұмыс атқарды.Прокуратура органдары арқылы Әділет департаментіне және Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына 10 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсыну енгізілген.

Нәтижесінде биыл екі айда 43 жалғыз басты аналардың пайдасына 40 млн теңге алимент берешегі өндіріліп, 64 борышкер уақытылы алимент төлемегені үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған. 21 жеке сот орындаушыға алиментті мәжбүрлеп өндіру кезінде өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілік көрілді.

Прокуратураның бастамасымен алимент төлеуден жалтарып жүрген 9 борышкерге қатысты ҚК-тің 139-бабымен қылмыстық іс тіркелсе, оның 4-уі қылмыстық жауаптылыққа, қалғандары бойынша тергеу жүргізілуде.

Мысалы, борышкер Н.Н. өндіріп алушы Ж.А-ның пайдасына 2,9 млн теңге алимент берешегін төлеу үшін жұмыссыз ретінде тіркелмей, өзінің жалдамалы жұмыстардан тапқан табысын жасырып, алимент төлеуден жалтарған.

Осыған орай Қармақшы ауданының прокуратурасы арқылы Н.Н-ге қатысты ҚК-тің 139-бабымен қылмыстық іс тіркеліп, соттың үкімімен кінәлі деп танылып, 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Сондай-ақ биыл прокуратураның бастамасымен уәкілетті органдардың қатысуымен ведомствоаралық мәжіліс өткізіліп, онда әділет және полиция органдарының, жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының басшыларына жүйелі түрде рейдтік іс-шаралар жүргізу, бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін ұйымдастыру, алимент санатындағы атқарушылық өндірістерді ерекше бақылауға алу, борышкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту жұмыстарын күшейту тапсырылған.

Бұл міндеттерді орындау облыс прокуратурасында тоқсан сайын қаралмақ.

«СБ» ақпарат

Планеталардың жаңа серігі табылды

Карнеги университетінің ғалымы Скотт Шеппард, Гавай университетінен Дэвид Толен, Солтүстік Аризона университетінен Чад Трухильо бастаған астрономдар тобы Нептунның екі, Уранның бір жаңа серігі ашылғанын хабарлады. Сөйтіп, Уранның серіктерінің саны 28-ге, Нептундікі 16-ға жетті.

Негізі S/2023 U1 серігін алғаш рет 2023 жылдың 4 қарашасында Магеллан телескоптары байқаған, кейін ол Субару телескопы мен басқа да құрылғылар түсірген суреттерден табылды. Ұзындығы 8 шақырым болатын серік Уранды 680 күнде бір айналады. Жақында S/2023 U1 Шекспир пьесаларындағы кейіпкерлердің бірінің атын иеленуі тиіс.

Нептунның S/2002 N5 пен S/2021 N1 серіктерін Магеллан мен Субару телескоптары 2021 жылдың қыркүйегінде тапты. Олардың бірін Gemini мен VLT телескоптары бақылаған. S/2002 N5-тің ұзындығы 23 шақырым, орбиталық периоды 9 жыл, ал S/2021 N1-дікі 14 шақырым, периоды 27 жыл. Бұларға көне грек мифологиясындағы нереидалардың есімі қойылады.

Жаңа серіктер созыңқы әрі көлбеу орбитамен айналады, бұл — Уран мен Нептун оларды өзіне тартып алғанының айғағы. Мұзды алыптарды сыртқы айлардың динамикалық топтары айналып жүр деп болжанады. Жаңа серіктердің орбитасы Уран мен Нептунның бұрыннан белгілі айларына ұқсайды.

Жапон зымыраны сәтті ұшты

Биыл 17 ақпанда Жапониядағы Танэгасима ғарыш орталығынан H3 зымыраны екінші рет ұшырылды. Ол Жерді бақылайтын 40 сантиметрлік телескопты, Canon CE-SAT-1E жерсерігін, инфрақызыл сенсорлы TIR-SAT 3U-кубсаты мен VEP-4 жерсерігінің 3 тонналық массагабариттік макетін көтеріп шықты. Старттан 16,5 минуттан соң, зымыранның 2-сатысы 674 шақырым биіктікке жетіп, жерсеріктерді орбитаға шығарды. Ал қалдықтары мен макеті атмосферада жанып кетті.

Екі сатылы H3 машинасы қазір қолданыстағы HII-A және H-IIB зымырандарын алмастыруы тиіс. Жалпы, H3 1-сатыдағы LE-9 қозғалтқыштары, қапталдағы қатты отын жағатын SRB-3 үдеткіштері, жүктеме қақпағының өлшеміне қарай жалпы төрт конфигурацияда құрастырылуы мүмкін. Олардың ең қуаттысы геоөтпелі орбитаға 6,5 тонна жүк шығара алады. Зымыранның биіктігі 63 метр, диаметрі 5,2 метр, старттағы массасы 574 тонна.

Жапон әуе-ғарыш зерттеулері агенттігі мен Mitsubishi Heavy Industries компаниясы 10 жыл даярлаған зымыранның бюджеті 1,9 млрд долларды құраған. Оның былтыр 7 наурыздағы алғашқы старты сәтсіз өткен. Бірінші саты мен үдеткіштер жақсы жұмыс істегенімен, екінші сатыдағы сутегі-оттегі қозғалтқышы тұтанбай қалған еді.

«СБ» ақпарат

Фото: Ашық дерекқоздан.

«Сүйекті сүйекпен емдейді...»

Атақты философ, ойшыл әл Фараби: «Егер ұлттың өзінің тарихи тағамы жоғалатын болса, ол ұлт ауруға ұшырайды» деген екен. Расында бұл сөздің жаны бар. Кейінгі кезде түрлі аурулардың өршуі, артық салмақ қосушылардың көбейгені дәрігерлердің дабыл қағуына жеткізді. Ал ұлттық тағамдарымыздың құнарлығы мен сіңімділігіне жетер ештеңе жоқ.

Халқымыз ежелден ұн, сүт, ет өнімдерінен ұлттық тағамның түр-түрін әзірлеп, қазақтың брендіне айналдырды. Олардың қатарында бауырсақ, жент, майсөк, құрт, ет, қазы-қарта, шұбат, қымыз, тағы басқа өнімдер бар. Қайбір тағам түрін алсаңыз да, оның дайындалуы мен қонаққа ұсынуының өзі тұнып тұрған филофия. Мәселен, етті баптап асуы мен оны табаққа жіліктеп салудың тәрбиелік мәні зор. Сыйлы қонаққа қойдың басын тартудың да тәртібі бар. Өйткені, басты дүниенің, жаратылыстың бастаушы күші деген наным-сенімге байланысты жасы үлкен, мәртебелі қонаққа ұсынған. Қазақ арасында қой басының құйқасын тілуді қасқалдақтау деп те атайды. Бас тартқанда оң жақ құлағын кесіп алып, оны үйдің кішкене баласына береді. Бұл – ырысым-несібем өз үйімде қалсын деп ырымдағаны. Кәделі табақ ұсынылғанда қазақ оның тұмсық тұсын төрге, шүйдесін есікке қаратып әкелген. Бұл туралы атақты Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың айтқан әдемі естелігі ойға оралып тұр. Келінінің жайған дастарқанынан қонақтардың көңілі толғанын айтып, оларға ұмыт болған тағамдарды ұсынғанына ризашылығын білдіреді. Бірақ соның барлығын келіні жіберген төрт қателіктің жуып жібергенін айтып, себебін түсіндіреді. Сонда Б.Момышұлы былай депті:

– Біріншіден, есі дұрыс қазақтың әйелі қонаққа бас көтеріп кірмейді. Жаман-жақсы болсын, басиең аман. Екінші қателігің – басты шүйде жағымен әкелгенің. Қой шүйдесімен емес, тұмсығымен алға жүреді. Үшінші қателігің – қойдың тісін қақпай әкелгенің. Бұл – ең алдымен тазалық. Шөп жейтін, жем жейтін мал ғой. Содан кейін мұның екінші мағынасы бар. Қазір ұмытылған, көнекөздер болмаса, көпшілік біле бермейтін жағын айтайын. Қазақтар талай нәрсені ым, тұспал, ишара арқылы білдірген текті халық. Соның бірі – осы қағылмаған тіске байланысты. Сыйласып жүрген екі адамның біреуі әлденеге ренжіп, бірақ соны айта алмай жүрсе, тісі қағылмаған басты қояды. Сонда бас ұстаған адам «Ә, мынаның ішінде маған деген бір қыжылы бар екен ғой» деп бірден түсінген, – депті.

Ішсең сусын, жесең ет, кисең киім болған төрт түлікті халқымыз барынша тиімді кәдеге жарата білгеніне таңғаласың. Қазір оның терісі түгілі, ішек-қарнын да пайдаға асырмай, құрбан шалғанда талай рәсуа етіп далаға тастағандарды көріп жүрміз. Обал-сауаптың не екенін ұқпайтын кейінгі ұрпақты көріп ішің ашиды.

Сонымен ұлттық тағамға бүгінде қаншалықты мән беріп жүрміз дегенге келейік. Күнделікті ас мәзіріміз қандай? Әрине, бәрі де тұрмыс деңгейіне байланысты. Етке әуес қазақтың кейбірі қазір тауықтың сирағын талғажау етіп жүргені жасырын емес. Құрт-май, ірімшікті күнделікті тұтыну қалтаға кәдімгідей салмақ. Өйткені бағасы қымбат. Айталық бір келі құрттың бағасы 4500-5000 теңге болса, ірімшіктің келісі 3800 теңгеден басталады. Қазының келісі 3500 теңгеден. Қарап отырсақ, қазір ақшаға сатып алып отырған ұлттық тағамның барлығы бұрын әр үйдің дастарқанынан табылған.

Дегенмен ұлттық тағам түрлерін қолдан әзірлеп, оны кәсіп көзі еткендер баршылық. Мәселен, өңірге белгілі «Дәстүр», «Ақ жайлау», «Балқаймақ» «Ұлттық дәм» секілді дүкендер желісінің көбеюі көңіл қуантады. Осы ретте біз әлеуметтік желі арқылы өзінің ұлттық тағамдарын сататын Айнұр Ермахановамен тілдескен едік.

Халқымыздың ұлттық тағамдарына тең келер ас жоқ. Ұмыт болған дәстүрімізді қолға алып, оны насихаттап, дәріптеп жүргеніме қуанамын. Қазағымыздың қай тағамын алып қарасаңыз, оның пайдасы көп. Біз көбіне, балқаймақ, мәйек ірімшік, қолдың сарымайы, ұлтабар, өрметас, қимай, өкпесүт, әсіптің түрлерін, үлпіршек, қарын бүрме, сырбаз, сірне дегендерді бір малды сойып, осыншама өнім шығарамыз. Бас сирағынан бастап бүкіл ішек өңделеді. Расын айтқанда, бүгінде тағамның құнарлылығынан гөрі, оның бағасына қарап тамақтанатын болдық. Сондықтан мұндай тағамдарды тек тапсырыспен жасаймыз. Бір ғана мәйектің өзінен қызыл ірімшік, брынза, сары суынан тіскебасар, жент, майсөк жасауға болады. Қазір неге адамдар арасында ауру түрі көп. Өйткені сапалы, құнарлы тамақтанбаймыз. Малдың ішек-қарнының өзі қаншама ауруға ем екенін ұмыттық. Түйенің ысталған өркеші – балалардағы қазір көп кездесетін ішек-құрт ауруына таптырмас ем. Үлкен кісілерге арналған 24 сағат бойы қайнатылған сорпаның түр-түрін жасаймыз. Бұл буын ауруларына пайдалы сусын. Бұрындары апам «Сүйекті сүйекпен емдейді, жүректі – жүрекпен» дейтін. Сонда жілік кеміріп, сорпасын ішудің денсаулыққа тигізер пайдасын айтқан екен, – дейді кәсіпкер.

Мұның астарында үлкен мән бар.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

БІЛГЕНІМ – БІР ТОҒЫЗ

Алақанына қондырғың келеді, сол құсты

немесе көккұт көзін ашқан күн, көкек қанат жазған күн

Ал көшпелілер өмірінде «саңырау көкек», «сасық көкек», «бәбісек көкек» деген түрлі атау алған көкек құсы аса мәртебеге ие емес. Ел іші оларды «ұшқалақ, тасбауыр, жұмыртқасын жат ұяға салады» деп саралайды. Қолынан ұя салу келмейтін, баласын басқаның бауырына салып беретін көкектің осы мінезіне қарап, «көкек ана» деген тіркес те қалыптасып кеткен. Сонымен бірге «көкек өз атын өзі шақырады» деген тағы бар. Өз басым осы екі сөзді де қостамаймын. Неге екенін сәлден кейін айтамын.

Түркітілдес халықтар арасында көбіне жыл құсы ретінде қарғаны есепке алатыны анық байқалады. Ендеше не себепті қазақтың кәрікұлақ есепшілері жыл басын «көкек айы» деп атайды? Мүмкін, қарғадан бұрын жылдың беташары болып қанатын қағатын сол сасық, бәбісек деп атау берген көкегіміз шығар. «Қарға – Тәңірінің елшісі» деген тәмсілге қарасақ, көктемнің келгенін алғаш жеткізетін жыл құсы – осы ұзақ қарға. Көкектің көктемде келіп-кеткендігін де біреу байқап, біреу байқамай қалады. Есепшілер «көкек» айының атауын осы көкек құсымен байланыстыратын болса, екіншіден «көк» сөзімен де ұштастырады. Бірақ көкек құсын көп жерде місе тұта бермейтін түркілер әлемі бұл ұстанымның қытайлардан жұққандығын да айтып дауласады дейді этнограф-жазушы Ұларбек Дәлейұлы. Мұның себебі де жоқ емес. Сол қытайлар ерте көктемде алғаш болып үн шығаратын құсты көкек деп есептейді-міс. Тіпті Ұларбек өз жазбасында осыдан бірнеше жыл бұрын қытайлық қандас бауырымыздың қазақ жеріне келіп «Көкегім» деп ән айтқанын еске салыпты. Әннің айтылуынан да қытайға тән бір ырғақ сезіліпті. Қазақ сияқты «қарғам-ау» деудің орнына, қытайша «көкегім» деп еміреніп тұрғаны қызық екен.

Барлық халық көктемді алғаш көрген жыл құсының атымен байланыстырады екен. Құс дегенде, қазақ санасында қарлығаш пен қарғаның киелі құс болып саналатындығын білеміз. Сөз киелілікке келсе – бүркіт, аққу, қаз, қырғауыл, қарқара секілді құстар да бұл тізімнен табылады.

Фото: Ашық дерекқоздан.

Ал енді ел аузында қалыптасып қалған әлгі екі сөздің жөніне ой жіберейік.

Көкек құстың балапанын өзге ұяға апарып тастайтыны рас. Ол балапанын өзі басып шығармайды. Байғұс құсымай, сені қалай ақтап алсам екен?

Біріншіден, орнитологтар көкектің жаратылысы балапан басуға қабілетсіз екенін айтады. Егер ол балапан басуға отырса, онда алғашқы балапаны жарыққа шыққанда соңғысы әлі жұмыртқа күйінде жатады екен. Себебі көкектің жұмыртқаны тез шайқап шығаруға денеден бөлінетін жылуы тапшы. Сондықтан бір балапанын шығарам деп жүргенде жетілген екінші балапанның жұмыртқа ішінде өліп қалуы мүмкін. Олай болса біз құйттай құстың бойынан Жаратушы бермеген қасиетті неге іздеуіміз керек? Егер құстар адамға «біз сияқты неге ұшпайсыңдар» деп кінә тақса, қисынды болар ма еді?

Екіншіден, аталық көкек балапанына өш келеді дейді. Тіпті ол тұқымын жұмыртқа күйінде жарып тастаудан тайсалмайды. «Қатыгез әкеден» қаймыққан аналық көкектің шыр-пыр болып өз жұмыртқасын өзге ұяға тасуына себеп болатын жағдайдың бірі сол болса керек. Нағыз аналық махаббат емес пе?!

... Жетімсіреп жем іздеп
балапанға,
Жалғыз көкек жүретін жаға
талда.
Әлдекімді жоқтайтын
күн батарда,
Әлдекімді жоқтайтын таң
атарда. – Мұқағали ақынның осы бір шумағында біз сезінбеген бір мұң бар.

Мүмкін сол бір сорлы құс басқа ұяда қалған балапанын іздейтін шығар.

Байыбына бармай байбалам салған адамдардың «көкек ана» деген сөзін қайтып алғаны дұрыс-ау. Ал Алла сана берген, сан түрлі нығымет берген адам баласының іштен шыққан бейкүнә нәрестесін лақтырып кетуі лағынет дегенге ғана лайық.

Екінші мәселе, көкек өз атын шақыра ма? «Көк-кукк!» деп барынан хабар беріп тұрған құйттай жаратылысқа қапелімде ат таппай, өз даусын өзіне ат қылып бере салған осы біз, адамдар емес пе едік? Ендеше, оны «өз атын шақырады» деп ғайбаттап жүргенімізге жол болсын.

Наурыздың соңын ала келетін көкек айы – яғни, көкек құстың көк кезіп келген мезгілі көктемнің күшіне мініп, көңілдің құшына түлеп, табиғаттың бақытты түс көріп оянған қыздай балбыраған шағы. Жазда аптаптан, күзде қара желден, қыста боранған шаршаған шаруа бұл мезгілге жеткенше асыққан. Осы бір шақ қиялға ғана сиятын ғажайыбындай. Баяғыда үлкен кісілерден бір нәрсе сұрай қалсақ, «көкек айында көресің» дейтін. Оның мәнісі көкек айының сағынтып жететінінде жатқанын қайдан білейік.

Па, шіркін, әз Наурыз бен көкектің келуіне қырға төсеген парсылық кілемдей көккұт қауызы гүл ашады. Байқап қарасаңыз, түймедей көзінен жерге жауһар төгіліп жатқандай. Біз оны «таң шығы» дейміз.

Ал, сіз бүгін-ертең айналаңыздан көкек көрем деп үметтене беріңіз. Қанатын қандай шебер тарап қойды екен сол құстың, жемсауы баланың еңбегіндей лүп-лүп етеді. Алақанына қондырып, аялағың келеді...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

Фото: Ашық дерекқоздан.

Құралайдың көз жасы

Киік – киелі жануар.

Аңызға сенсек, Адам ата жерге түскенде оның жүзін алғаш көрген ақбөкен екен. Алғашқы пайғамбар мейірленіп сипағанда екі танауы желбіреп, көзі мөлдіреген сымбатты, тұяғы желден желгір, мүйізі мың бір дертке ем, буаз кезінде құралайының жынысын қалауына сай өзгерте алатын ерекше жануарға айналған.

«Құдайдан дұға қылып өтейін» деп ақбөкеннің бұйымтайын сұрапты. Сонда жануардың сұрауымен киік төлдейтін кезде шыбын-шіркей шыдамайтын суық тұрады. Мұны қазақ «Құралайдың салқыны» деген», дейді.

Бірде Қарақұм беткейіне іссапарға шыққан едік. Ол кезде мен ауылдағы құрылыс бөлімінің қойма меңгерушісі болып жұмыс істейтінмін. Жанымда прораб, яғни менің тікелей бастығым бар. «Қожа тақыр» аталатын үлкен тақырға жеткенімізде қарақұрым киікті бір адамның мотоциклмен қуып жүргенін байқадық. Әдетте, киіктер кездескен көліктің алдын қашан кесіп өткенше жанамалап жүгіре береді деседі. Мұны естігенде «желден жүйрік жануарлар неге бірден тура қашып, құтылып кетпейді екен?!» деп қатты өкінгенмін. Ақыры бір киіктің қалжырап құлағанын көріп, аңшының жанына бардық. Ұзын бойлы, ашаң жүзді сары жігіт екен. Бізбен сәлемдескен соң «Бұл олжамды сіздердің іштеріңіздегі жасы кіші, мына іниме байладым. Қазір бауыздап, ішін жарып, машиналарыңызға салып берем» деп маған қарады. Тірі киікті алғаш рет көруім еді. Өте нәзік әрі асқан әдемі болады екен. Аңшы тамағына қанжарын тақағанда киіктің сұлу жанарынан жас парлап, бетіме жалынышпен қарағандай болды. Мүмкін, маған солай көрінген шығар. Мұндайды күтпегендіктен, менің жүрегім тоқтап қала жаздады.

Аңшыға «аға, мына киікті шынымен, маған бердіңіз бе?!» дедім. Ол үнсіз басын изеді. Мен «ағатай, онда босатып жіберші... Мен алдым деп есептейін» деп жалынғанымды сезбей де қалдым. Аңшы да мәрт екен:

– Бүгінгі алған бірінші олжам еді. Амал жоқ, – деп босатып жіберді.

Киік қалт-құлт етіп орнынан тұрды. Аздан соң құм арасына қашқан үйірінің соңынан жөнелгенде қатты қуандым.

Іссапардан оралғанда мені жағымды жаңалық күтіп тұр екен. Бұған дейін «операция жасап, босандыру керек» деген келіншегім үлкен ұлымды отасыз аман-есен дүниеге әкелді.

Сол ұлым кейін спортпен айналысты. Жаман болған жоқ. Бокстан спорт шеберлігіне кандидат нормасын орындады. Аудандық, облыстық жарыстарда талай мәрте чемпион атанды. Халықаралық турнирде күміс медаль еншіледі. Қазіргі таңда үйлі-баранды. Ал қарақаттай жанарында мөлдір тамшы іркілген бөкеннің бейнесі оқта-текте жадыма оралады...

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы

Газеттің келесі саны 28 наурыз, бейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22999 Тапсырыс №470 Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА**